

## Азғырылу

Азғырылуға қалай дайындалуға  
және дұрыс қарсы тұруға болады





---

---

# **Азғырылу**

**Азғырылуға қалай дайындалуға  
және дұрыс қарсы тұруға болады**

**Дэвид Бетти**

**Студенттерге арналған оқу құралы**

**6-басылым**



**Азғырылу**  
**Азғырылуға қалай дайындалуға**  
**және дұрыс қарсы тұруға болады**  
**Дэвид Бетти**  
**Студенттерге арналған оқу құралы**  
**6-басылым**

Аталмыш курста пайдаланылған Киелі кітаптағы аяттар Киелі кітаптың келесі басылымынан алынды: «Киелі кітап», «Жаңа өмір» баспасы, 2010.

Авторлық құқық қорғалған, © 1978, 1995, 2005, 2014, 2017, Тин Челлендж, АҚШ.

Түпнұсқадағы материал ағылшын тілінде басып шығарылды, атауы – *Temptation, 6th edition*. Атаулы материал қазақ тіліне Глобал Тин Челлендждің және Ұлттық Тин Челлендж Ресей кеңсесінің рұқсатымен аударылды.

Осы курстың қазақ тіліндегі аудармасын алдағы уақытта Тин Челлендж орталықтарында, басқа оңалту орталықтарында, жергілікті қауымдарда, оқу орталықтарында, өзге де ұйымдарда және жекеменшік лицейлерде пайдалану үшін көшірме жасауға әрі таратуға рұқсат беріледі. Сондай-ақ курс материалдарын ғаламтор желісі арқылы [www.iTeenChallenge.org](http://www.iTeenChallenge.org) сайтынан тегін жүктеп алуға болады.

Осы ретте материалдарды сату үшін қолдануға болмайтынын, тек тегін таратуға болатыны туралы хабарлаймыз. Бұл материалдарды басып шығарғысы немесе сатқысы келетін тұлғалар Глобал Тин Челлендж кеңсесінен алдын ала жазбаша рұқсат алуы қажет.

Осы курс – «Жаңа өмір» топтық сабақтары материалдарының бір бөлігі қауымдарда, мектептерде, түрме қызметтерінде, Тин Челлендж орталықтарында және жас сенушілермен жұмыс жасайтын басқа осы іспеттес қызметтерде пайдалану үшін әзірленген.

Аталмыш курс материалы Оқытушыға арналған оқу құралынан, Студенттерге арналған оқу құралынан, Жұмыс дәптерінен, бақылау жұмысы және Курстан өткені туралы сертификаттан тұрады. Нақты ақпарат алу үшін келесі мекенжайға хабарласуыңызды сұраймыз:

Қазақстан Республикасы,  
050049, Алматы қаласы,  
«Жұлдыз-2» ықшамауданы, 26А үйі.  
[maxut\\_eskaliev@mail.ru](mailto:maxut_eskaliev@mail.ru)

Global Teen Challenge  
PO Box 511  
Columbus, GA, 31902 USA  
Email: [gtc@globaltc.org](mailto:gtc@globaltc.org)  
Web: [www.globaltc.org](http://www.globaltc.org) [www.iTeenChallenge.org](http://www.iTeenChallenge.org)



Соңғы нұсқа 02-2023

## Мазмұны

<b>1-тарау. Жас сенушінің өміріндегі азғырылулар</b> .....	4
А. Азғырылу дегеніміз не? .....	4
Ә. Азғырылу мәсіхшінің өмірінде қандай орынға ие? .....	5
Б. Мұны істеуге мәжбүрлеген шайтан ба? .....	6
В. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қажеттіліктеріңіздің азғырылумен қандай байланысы бар?.....	7
Г. Сіздің қалауларыңыздың азғырылумен қандай байланысы бар?.....	10
<b>2-тарау. Азғырылуды жеңу үрдісі</b> .....	14
А. Сіз қай жерде тұрсыз?.....	14
Ә. Бұл азғырылу болды ма?.....	15
Б. Азғырылуды жеңу деңгейлері .....	16
<b>3-тарау. Азғырылуға қалай дайындалу керек</b> .....	22
А. Құдайға жақындай беріңіз .....	22
Ә. Өз мұқтаждықтарыңызды Құдайдың әдістерімен қанағаттандырыңыз .....	24
Б. Орынды қалауларыңызды Құдайдың анықтап беруіне мүмкіндік беріңіз.....	27
В. Кейбір азғырылуларды болдырмауға болады .....	31
Г. Шайтанның стратегиясынан сақ болыңыз!.....	33
<b>4-тарау. Сәтсіздіктер және оларды Құдайдың қалауымен қалай жеңуге болады..</b>	<b>35</b>
А. Сіз азғырылуға түскенде не болады? .....	35
Ә. Адамдар неліктен азғырылады?.....	40
Б. Азғырылуға түскеннен кейін не істеуге болады?.....	44

# 1-тарау

## Жас сенушінің өміріндегі азғырылулар

Исаны жүрегіне жаңа қабылдаған кейбір мәсіхшілер үшін «азғырылу» сөзі қарапайым келеңсіздіктерді білдіреді. «Шайтан тағы да менің соңыма түсіп алды», – деп олар мойынсұна күрсінеді.

Алайда жас сенушілерге азғырылудан қорқуға бола ма? Азғырылу дегеніміз не? Азығырылумен күресте жетістікке жетуге бола ма? Азғырылуға берілетін жалғыз мәсіхші сіз бе? Азғырылуды болдырмауға бола ма? Азғыруға төтеп беруге дайын болу үшін не істеуге болады? Азғырылған болсаңыз, не істеуге болады? Осы және өзге де сұрақтарға біздің курстың шеңберінде жауап іздейтін боламыз.

Онда азғырылуға анықтама беруден бастайық.

### А. Азғырылу дегеніміз не?

Кейбір адамдар «азғыру» сөзін жалпыланған мағынада қолданады. Олар барлық өмірдің сынақтарын, қиындықтарды, ауыртпалықтарды немесе мәселелерді «азғырылу» деп атайды. Біз осы курстың аясында «азғырылу» деп шайтанның адамды күнә жасауға итермелейтін жағдаяттар ретінде қарастыратын боламыз.

Мынау біз қолданатын азғырылудың нақты анықтамасы:

#### **Азғырылу**

**Сіздің мұқтажыңыздың және қалауларыңыздың орнын толтыру үшін шайтанның сізді Құдай заңдарын бұзуға мәжбүрлеуге тырысуға әрекет ететін жағдаяты.**

Шайтан адамдарды алдауды жақсы көреді. Ол үстіртін қажеттіліктер деңгейінде әрекет етеді және сізді олардың шынайы екеніне сендіреді. Егер өзіңіздің қажеттіліктеріңіз бен қалауларыңызды ең қарапайым әрі төте жолмен қанағаттандыратын болсаңыз, онда сіздің барлық мәселелеріңіздің шешілетініне шайтан сізді сендіруге мәжбүрлеп, өтірік айтады. Ескеретін маңызды мәселе, егер сіз оның ұсынысын қабыл алып, оның айтқанын істесеңіз, онда сіз Құдайдың заңдарының жоқ дегенде біреуін бұзатын болсыз.

Сіздің мұқтаждықтарыңыздың болуы күнә емес немесе олардың болуы қалыпты жағдай екеніне күмән келтірмеңіз. Құдай сізді мұқтаждықтармен сынайды. Бірақ шайтан сіздің Құдай заңдарын бұза отырып, мұқтаждарыңызды қанағаттандыруды бастағаныңызды қалайды, осылайша сізді алдайды.

Егер сіз аш болсаңыз, онда шайтан сізді осы мұқтажыңызға өте өзімшіл көзқараспен қарауға мәжбүр етеді. «Сен ашсың ғой. Бұл сенің қажеттілігіңді қанағаттандыратын өте қарапайым жол. Сатушы қарамай тұрғанда бутербродты ұрлап ал. Одан ешкімге жаман болмайды. Сатушы бір ғана бутербродтың жоғалғанын байқамай да қалады». Шайтан өзінің мәселелерді шешу тәсілдерінің ақылға қонымды екеніне сізді сендіреді. Ол әрдайым күнәға жетелейтін өзімшіл шешімдерді қолдайды.

Құдай адамдарды күнә жасауға азғыра ма? Осы сауалға Жақыптың хаты 1:13-14 аяттарынан нақты жауап аламыз.

#### **Жақыптың хаты 1:13-14**

**Күнәға еліккен ешқайсың да: «Құдай мені еліктіреді» деп айтпандар! Құдай күнәға еш елікпейді де, ешкімді еліктірмейді де.**  
**<sup>14</sup>. Қайта, адамды өзінің құмарлықтары еліктіріп, ол солардың жетегінде кеткенде сынақтан өтеді.**

Құдай мәсіхшілерді ешқашан күнә жасауға азғырмайтыны хақ. Дегенмен сіздің мұқтаждықтарыңыз – өмірдің шындығы.

## **Ә. Азғырылу мәсіхшінің өмірінде қандай орынға ие?**

Әдетте азғырылу үшін күрес алаңы – біздің санамыз. Азғырылу ой ретінде туындайды. Айбек әдемі жемпірге қарап тұрып, ойлайды: «Мен жаурадым. Маған осы жемпір керек. Мен осы жемпірді ешкімге байқатпай алып кетуіме болар ме екен?» Айбектің өз ойын алғаш бағалауы оның әрекетін анықтайды. Егер ол азғырылуға берілген болса, ол жемпірді ұрлауға тырысады немесе ол азғырылуға қарсы тұруға шешім қабылдайды.

Сіздің азғырылуды қалай қабылдайтыныңыз көп жағдайда сіздің азғырылуға деген көзқарасыңызға байланысты. Егер сіз өзіңіздің санаңызда Киелі кітаптық ойлау үлгісін дамытсаңыз, онда сізге азғырылуға қарсы тұруға оңай болады. Бұл жөнінде біз курсымыздың шеңберінде кейінірек нақты тоқталатын боламыз.

Мәсіхшінің өмірі тұрақты түрде шайтанмен күресумен ғана өтеді дегенді білдірмейді. Өміріңізде азғырылуды іздемеңіз. Өз назарыңызды мәсіхшілік өмірге аударыңыз, Мәсіхтің үлгісіне сай өмір сүріңіз. Азғырылуға тап болғанда Құдайға одан бетер жақын болу мүмкіндігін қарастырыңыз. Сіз тап болған кез келген азғырылуларға төтеп беретін күшті және даналықты беретін Құдай екенін естен шығармаңыз.

Мәсіхші үшін күнә жасауға азғырылып қалу қалыпты жағдай. Ешкім де азғырылуға берілмейтіндей өте рухани күшті бола алмайды. Өз өміріңіздің соңына дейін азғырылумен бетпе-бет келуге дайын болыңыз. Алайда азғырылуларды табысты жеңуді үйренуге болады.

Киелі кітап бізге азғырылып қалу күнә емес деп үйретеді. Иса көп мәрте азғырылды. Шайтан Мәсіхтің мұқтаждықтарын ескеріп, өзімшілдік әрекет ету ұсыныстарын қолданды. Ол сізге келгенде де дәл сол ұсыныстарды қолданады. Бірақ Иса өз шешіміне берік болды және азғырылуға қарсы тұра білді.

#### **Еврейлерге арналған хат 4:15**

**Ол бізге жаны ашымайтын, осал жақтарымызды түсінбейтін діни қызметкер емес, қайта, өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ.**

Азғырылып қалудың және күнә жасаудың айтарлықтай айырмашылығы бар. Егер сіз көптеген азғырылуларға тап болсаңыз, сіз шайтан ұсынған шешімдерге қарсы тұра білсеңіз, онда өзіңізді кінәлі сезінудің қажет жоқ. Әрбір азғырылу сіз үшін рухани мықты сенуші болуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

## **Б. Мұны істеуге мәжбүрлеген шайтан ба?**

Сіз: «Мұны істеуге мені шайтан мәжбүрледі» деп айта алмайсыз. Құдай да, шайтан да сізге мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды қанағаттандыруға мүмкіндік ұсынады, екі жақ та өз әдістерін сізге мәжбүрлеп ұсынбайды. Таңдау әрқашан өзіңізде болады.

Бұл мұқтаждықтарды қанағаттандыру мүмкіндіктерін есіктермен салыстыруға болады. Сіздің алдыңызға Құдай да, шайтан да өз есіктерін ашады. Екеуі де сіздің мәселелеріңізді шешу үшін өз әдістерін ұсынады. Сіздің алдыңызға шайтан ашатын есік – ол азғырылу. Құдайдың ұсынған есігі – ол өзімшіл емес, шешімнің лайықты марапаты. Кейде Құдай сізге сол бір мұқтажыңызды қанағаттандыру үшін екі немесе үш есік ұсынатын болады. Оны шайтан да істей алады.

Шайтан өз есіктерін Құдайдың есіктеріне қарағанда өте тартымды етіп жасауға тырысады. Есіңізде болсын: ол сізге шындықтың жартысын ғана айтады.

Мысалы, Ләззат өзінің достары болғанын қалайды. Сыныптастары оны кешке қонаққа шақырады. Ол онда барғанда барлық балалардың марихуана шегіп отырғанын аңғарады. Шайтан Ләззаттың алдына өте тартымды есікті ашады. «Ләззат қарашы, сенің көп достарың болады. Бір тартып көрсең, ешнәрсе етпейді. Есесіне, жаңа достарың көп болғанда бақытқа кенелесің».

Дәл осы сәтте Ләззат үшін Құдайдың ұсынған есігі сондай тартымды болмауы да мүмкін. Егер ол Құдайдың есігін ашар болса, онда ол достарының басқосуынан кетуіне тура келетін болар. Егер ол осындай қадамға барса, ондағы жиналғандардың көбісі



онымен дос болғысы келмес еді. Құдайдың есігін таңдаған адам достарды басқа жерден іздеуіне тура келеді. Қайдан? Кімді?

Егер сіз шайтанның есігін таңдаған болсаңыз, сіз жоқ дегенде Құдайдың заңдарының біреуін бұзасыз. Алайда шайтан сізге ол жөнінде ешнәрсе демейді. Ол сізге: «Ләззат, алға! Шайтан айтады. Құдай заңдарының біреуін бұзуға бағындырамын», – деп те айтпайды. Жоқ. Шайтан өзінің әдісін мақсатқа жетудің жылдам әрі қарапайым жолы ретінде көрсетіп, нақты қажеттіліктеріңіз бен қалауларыңызға жететініңізді ғана мәлімдейді.

Кейбір кезде Құдайдың есіктері аса тартымды бола бермейді. Дегенмен нәтижесінде сендегі бар Оның мұқтаждықтарды немесе қалауларды қанағаттандыру әдістері бәрінен де үздік әдіс болып қала береді. Өзәзілдің қолданатын әдістері көп жағдайда тартымдырақ болып көрінеді, өйткені ол сізге оның салдарының қасіретті болуы мүмкін екенін айта бермейді. Егер сіз оның айтқанын жасасаңыз, онда ол қажеттілігіңізге бірден қол жеткізетініңізді ғана айтатын болады.

Шайтан Хауаға Едем бағындағы сол бір ағаштың жемісін жесе, оны бақтан қуып шығатыны және күнәнің салдарынан сұмдық жағдайларды басынан өткеретіні туралы айтпады. Хауа өзәзілдің есігін таңдағанда Құдайдың қорғанынан айрылып қалды.

Құдай біздің өмірімізде игіліктердің ағыл-тегіл мол болғанын, біздің барлық мұқтаждықтарымыздың қанағаттандырылғанын қалайды. Біздің өмірімізде туындайтын мұқтаждықтар, сонымен қатар олардың азғырылумен қандай байланысы бары туралы тереңірек сөйлесетін боламыз.

## **В. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қажеттіліктеріңіздің азғырылумен қандай байланысы бар?**

Осы курстың қосымшасы болып берілген Жұмыс дәптерінің 2-жобасында сізге соңғы уақытта өзіңіз тап болған бірнеше азғырылуларды атап өту ұсынылады. Өзіңіздің мұқтаждықтарыңыз туралы келесі ақпаратты оқығанда сіз белгілі бір жағдайларды есіңізге түсіресіз.

Мұқтаждықтарды қарастыра отырып, олардың ішіндегі ұқсастарын біріктіру мақсатында бірнеше жалпы дәреже бойынша жіктеуді қолдану сіз үшін өте пайдалы болады. Сіздің өз мұқтаждықтарыңызды жіктей алуыңыз үшін біз келесі топтардың үлгісін келтіреміз.

## Адамдардың негізгі мұқтаждықтары мен қажеттіліктері

1. **Физиологиялық мұқтаждық**
  - тағам, киім, жылу.
2. **Қауіпсіздік – тиесілілік**
  - қауіпсіздікте болу (қорғалған);
  - топ мүшесі болу;
  - өмір қағидаларын түсіну.
3. **Әлеуметтік қажеттіліктер**
  - жақын досыңның болуы;
  - өзін жайлы сезінетін орындардың болуы;
  - өзі сияқты ойлайтын адамдармен қарым-қатынаста болу, ер адам болсын, әйел болсын қарым-қатынаста болу;
  - сүю және сүйікті болу.
4. **Өзін құрметтеумен байланысты мұқтаждықтар**
  - маңайындағылардың қабылдауы;
  - маңайындағылардың құрметіне бөлену;
  - белгілі бір маңыздылыққа ие болу.
5. **Жетістікке жету қажеттілігі**
  - өз қабілетін және дағдыларын пайдалану;
  - қанағаттану сезіміне бөлейтін маңызды істермен айналысу;
  - тұлға ретінде дамып жатқаныңды білу;
  - өз еңбегіңнің жетістігін көру.
6. **Рухани қажеттіліктер**
  - Құдайды жеке тану, Оның қатысуында болу;
  - өзін айыптау сезімдерінен арылу үшін өз күнәларына кешірім алу;
  - табысты мәсіхші болу, Құдайдың еркін орындау.

Бұл адамдардың негізгі мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін жіктеу Авраам Маслоудың (Қажеттіліктер иерархиясы) теориясына, Лоуренс Колбергтің қайта пысықталған жұмысына («Рухани қажеттіліктері» салыстырмалы түрде) негізделген.

Құдай бізді қажеттіліктермен және мұқтаждықтармен жаратты. Ол олардың әрқайсысын қанағаттандыру үшін әдістермен де қамтамасыз етті. Қандай мұқтаждықтар мен қажеттіліктер маңыздырақ болады?

Шайтан сіздің көптен бері қанағаттандырылмаған мұқтаждығыңыз бар салада сізді азғыратын болады. Мысалы мерекелік дастарқаннан дәм татып шыққан соң 15 минуттан кейін сізді тағам ұрлауға азғырмайтыны түсінікті. Ол Исаны қырық күндік оразада жүрген кезінде тастардың нанға айналдыруға шақырып, азғырды. Киелі кітапта шайтанның Исаны осыны істеуге азғырған сәтінде Оның аш болғаны жазылған. Исаның сол сәтте тамаққа қажеттілігі болды.

Кейбір жағдайларда егер мұқтаждық қанағаттанырылмаса, онда сіздегі барлық қалған мұқтаждықтар еленбей қалады. Егер сіз жүзуді білмесеңіз, сізді бес метрлік биіктіктен суға итеріп жіберді, сол сәтте сізге басқа қажеттіліктерден гөрі ауаға деген қажеттілік бәрінен де маңызды болмақ. Сіз сол сәтте аш екеніңізді әрі ертең болатын бақылау жұмысын да ұмытып кететініңіз даусыз.

8 бетте көрсетілген қажеттіліктердің алғашқы бес тобы көп жағдайда дәл осындай кезектілікпен тұрады. Адам физиологиялық қажеттіліктерді қауіпсіздік қажеттіліктерінен бұрын қанағаттандыру керек. Адам біріншіден, өзін қауіпсіздікте екенін сезіну керек, ал содан кейін әлеуметтік қажеттіліктері, жетістікке жету қажеттіліктері салаларында қанағаттандыруға қол жеткізу керек. Алайда барлық қалған өз мұқтаждықтарыңызды өзіңіздің рухани қажеттіліктеріңізден бұрын қанағаттандыру керек дегенді білдірмейді, себебі олар рухани қажеттіліктерді өте оңай қанағаттандыруға айтарлықтай ықпал етеді. Егер адам аш болса, оның рухани мәселелерін талқылауға қызығушылығы болмайды.

#### **Бұл мұқтаждық па?**

1. Мына адаммен дауласу керек, себебі оның ойы дұрыс емес.
2. Өзімнің беделімді түсірмеуім керек. Ойымды дәлелдеу үшін онымен дауласуыма тура келді – егер мені құрметтемесе, көзіме көрінбесін!
3. Маған мына адамды сынау қажет болып тұр, себебі ол өзін жаман жағынан көрсетті.
4. Шыдамым жетпей тұр – олардың жаңа көлігіне қызғанып тұрмын.

Егер табысты мәсіхші болғың келсе, онда мұқтаждықтар мен қажеттіліктерді қанағаттандырудың Құдайға ұнамды әдістерін меңгеру қажет. Сонымен бірге мұқтаждықтар туындаған сәтте мұқтаждықты нақты ажыратуды үйрену керек. Бірақ әзәзіл көп жағдайда сіздің **қалауларыңызды** қанағаттандыру үшін келеді, бұның басты мұқтаждық екенін алға тартып, сізді сендіреді. Біздің қалауларымызды және олардың азғырулармен қандай байланысы бар екенін нақтырақ қарастырайық.

## Г. Сіздің қалауларыңыздың азғырылумен қандай байланысы бар?

- Қажеттілік пен қалаудың арасында қайндай айырмашылық бар?
- Қалаудың қажеттілікке ұласуы мүмкін бе?
- Құдай сіздің қажеттіліктеріңізді қанағаттандыруға ғана мүдделі ме, немесе Ол сіздің қалауларыңыздың орындалуын қалай ма?
- Адамда күнәкарлық қалау болуы мүмкін бе?
- Мәсіхші қалауларының Құдайға ұнамды екенін қалай біледі?

Киелі кітапта баяндалған бірінші азғырылу мұқтаждықпен емес, қалаумен байланысты (Жаратылыстың басталуы 3-тарау). Шайтан Хауаны егер бақтағы тыйым салынған ағаштың жемісін жесе, онда жақсылық пен жамандықтың ерекшелігін танып, ол Құдайға ұқсайтынына сендіреді. Хауаға Құдайға ұқсаудың қажеті бар ма еді? Жоқ. Алайда шайтан жемісті жегеннен кейін оның адам ретінде жақсы жағынан өзгеретінін мәлімдейді. Жуық арада оның қалауы жүрегінен терең орнығып, Құдайды тыңдамай, күнә жасайды.

### Біздің қажеттіліктеріміз бен біздің қалауларымыздың арасындағы байланыс

Мысалы, сіз тамаққа **мұқтажсыз**. Бірақ сіз пиццаның өте үлкен тілімін **қалайсыз**.

Сіз қыс мезгіліне сырт киімге **мұқтажсыз**, әсіресе қар жауған күндері сырт киімге деген мұқтаждығыңыз арта түседі. Бірақ сіз жеті-сегіз сырт киімін **қалауыңыз** мүмкін. Немесе аңның терісінен жасалған қымбат сырт киім **қалайсыз**.

Сізге достар **керек**, бірақ сіз нақты бір адаммен, нақтырақ айтсақ, әсіресе ол бай және сымбатты адам болса, онымен дос болуды **қалайсыз**.

**Мұқтаждық** – толыққанды өмір сүру үшін қажеттілер.

**Қалау** – біздің қалайтын, бірақ міндетті түрде қажетсінбейтін нәрселер.

Біздің кейбір қалауларымыз мұқтаждықтармен тығыз байланысты. Бізге әрбір күнге белгілі бір көлемде тамақ қажет, бірақ көпшілігіміз қажетті тағамнан әлдеқайда көбірек – картоптың, тәттілердің, кәмпиттердің немесе тез даярланатын тағамның қосымша үлесін жеуді қалаймыз. Біздің қалауларымызды қанағаттандыруды айтарлықтай әдетке айналдырудың қауптілігі бар, біз тіпті осы артық тағамға шын мұқтаж екенімізге сене бастаймыз.

Жәнібекпен болған оқиға мыңдаған басқа адамдармен де болды. Ол марихуананы тартуды бастады, өйткені ол басқа жастармен дос болғысы келді. Әзәзіл оның достарға деген мұқтаждығын ескерді. Бірде оның «достары» оны күшті есірткімен таныстырған еді.

Жәнібек жаңа достармен дос болуға шақырған Құдайдың әдістеріне мән бермеді. Оның тәні есірткіні талап етті. Басында мұқтаждық болып басталған нәрсе бақылауға айналды және оның өмірін манипуляцияға әкеліп соқтырды.

## Мәсіх қашан күнә жасауға азғырылды?

Шайтан үш азғырылу арқылы Мәсіхтің әртүрлі қажеттіліктері мен қалауларын қанағаттандыруда Оны мәжбүрлеуге әрекеттенді.

**1-азғырылу** – тастарды нанға айналдыру. Матай жазған Ізгі хабар 4:2-4

Мұқтаждық – Иса аштықты басынан өткерді. Оған тамақ қажет еді.

Қалау – осы мұқтаждықты қанағаттандыру үшін Онда билік болғанын дәлелдеу. Оның кереметтер жасай алатынын дәлелдеу.

**2-азғырылу** – ғибадатхананың төбесінен секіру. Матай 4:5-7

Қалау – Ол Құдайға сенім артатынын дәлелдеу.

Қалау – Құдай Оны сақтандыратынын дәлелдеу.

**3-азғырылу** – әзәзіл Исаға бар әлемнің үстінен бақылауды ұсынды. Матай 4:8-10

Шайтан әлемнің бар байлығын Мәсіхке көрсетіп, егер Ол оған бас иіп, ғибадат етсе, онда осының барлығын Оған ұсынатынын айтады.

Қалау – Өз міндетін орындап, жеңіл жолмен әлемді бағындыру (иелену) (Құдайдың әдісіне қарама-қайшы болады, нәтижесінде бұл әдіс Мәсіхті айқыш ағаштағы азапты өлімге әкеліп соқты).

Шайтан сізді өзіңіздің дұрыс емес қалауларыңыздың құлы ету үшін бар күшін салатын болады. Киел кітап кейбір мәсіхшілердің неліктен бақытсыз екенін түсіндіріп, бұл жөнінде кеңес береді.

**Жақып 4:1-3**

**Ендеше, араларындағы қастастық пен дау-жанжал қайдан шығады? Бойларындағы соғысып жатқан арам құмарлықтарыңнан туады емес пе? <sup>2</sup> Сендер бір нәрсені аңсап, иемдене алмайсыңдар; сонда кісі өлтіретіндей жек көріп, қызғанасыңдар, алайда аңсаған нәрселеріңе қол жеткізе алмайсыңдар. Жанжалдасып, төбелесесіңдер, бәрібір иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар. <sup>3</sup> Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар.**

Жыныстық қатынас – шайтан бұл салада көптеген жаман әрі зиянды қалауларын дамытуға сәтті ықпал етуде. Гомосексуалды қарым-қатынастар қалауы, өзгенің күйеуіне немесе әйеліне қатысты құмарлық, педофильдік қалау – бұл жыныстық қатынаспен байланысты зиянды қалаулардың бірнеше үлгілері ғана. Сонымен қатар жыныстық қатынасқа қатысты қиялдар да осы топқа кіреді. Шайтанның басқа да шабыттандыратын қалаулары – біреуді өлтіру, біреудің мүлкін бұзу, ұрлау, алдау, ұрысу және кек алу. Бұл шайтанның шабыттандыратын қалаулар – өзімшілдік қасиетке ие және сүйіспеншіліктен жұрдай әрекеттер. Олар шынайы қажеттіліктерді бұрмалайды.

Құдай бізге зиянды қалаулардан бас тартуды өсиет етті. Ефестіктерге арналған хат 4:17-32 аяттарында және Қолостықтарға арналған хаттың 3:5-15 аяттарынан қараңыз. Көп жағдайларда мұндай зиянды қалаулардан арылу және Құдайға ұнамды қалаулармен алмастыру үшін Құдай ғана сізге күш бере алады. Мәсіхтің ізбасары болу дегеніміз – Ол сияқты ойлауға, Ол сияқты әрекет етуге тырысу.

Кейде біздің өмірдегі шынайы мұқтаждықтар үстіртін қалаулардың астарында қалып қалады. Егер сіз мұқтаждығыңызды анықтап алсаңыз, онда сіз қалауларыңызды айналып өтіп, тікелей мәселеге өтесіз. Осылайша мәселелерді шешу жолында Құдайдың көмегіне жүгіну әлдеқайда оңай болады.

Сіз азғырылуға берілгенде арам қалауға бой ұсыну – ол күнә жасауға азғырылу болып табылатынына күмәніңіз болмасын.

Біздің заманауи мәдениетте бұқаралық ақпараттық құралдар жиі күнәкарлық қалауларға жүгінеді – жарнамалық хабарландырулар жыныстық қатынастық мазмұннан тұрады. Порнографиялық дүниелер ғаламторда ашық түрде жарияланады. Теледидар және кино күнәні күнәкарлық қалауларға берілудің тартымды жолдары ретінде жиі ұсынады.

Құдай сіздің барлық қалауларыңызды елемей қалғаныңызды қаламайды. Кейбір қалаулардың болмысы күнәкарлық емес екені анық. Егер сіздің жан дүниеніңде күнәкарлық қалаулар болса, онда оларды өзгертуге болады. Енді сіз мәсіхші болғаннан кейін оларды мұқият бағалап, өзіңіздегі Құдайға ұнамды қалауларды дамытуға тырысыңыз.

Тімотеге арналған екінші хатта біздің қалауларымызға қатысты жақсы кеңес беріледі.

**Тімотеге арналған 2-хат 2:22**

**Сонымен жастықтың құмарлықтарынан бас тартып, пәк жүрекпен Иемізге сиынатындардың бәрімен бірге әділдік, сенім, сүйіспеншілік және татулыққа ұмтыл.**

Бастысы сенім, сүйіспеншілік және тыныштық іздеңіз. Біздің қалауларымыз туралы керемет жарылқаулар 36-жырда баяндалған.

**Забур жыры 36:4-5**

**<sup>4</sup> Жаратқан Иеннен тап рақатыңды, Ол сыйлайды ізгі жүрек қалауыңды.**

**<sup>5</sup> Өмір жолыңды тапсыр Тәңір Иеге, Оған сүйеніп сенімінді жүкте, Ол сен үшін әрекет етеді де:**

Сіздің барлық мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңыз Құдай үшін маңызды. Ол сіздің әрбір мұқтаждықтарыңызды қанағаттандыруға уәде берді. Егер сіздің жүрегіңіз Оның еркіне бағынған болса, Ол сіздің жүрегіңіздегі қалауды қанағаттандыруды қалайды.

## 2-тарау

# Азғырылуды жеңу үрдісі

Сіз тап болатын азғырылуларды кенеттен жеңудің ешқандай таңғажайып жолдары жоқ. Бірақ Құдай сіз азғырылуға тап болғанда сізге көмек беруге уәде еткен. Оның үстіне сізбен бірге Киелі Рух және сіздің ұстазыңыз әрі көшбасшыңыз – Ол бар. Азғырылуды жеңудің жолдарын жақсылап үйреніп алуға болады. Исаны жаңа қабылдаған мәсіхші неден бастауы қажет?

### А. Сіз қай жерде тұрсыз?

Сіз қоршаудың немесе қабырғаның үстінен жүріп өткен бе едіңіз? Егер жүрген болсаңыз, оның қиын екенін білесіз, әсіресе қоршау немесе қабырға тым жіңішке болса, оның қаншалықты қиын болатыны түсінікті. Кейбір жүрегіне Исаны жаңа қабылдаған мәсіхшілер қоршаудың үстімен жүруге тырысады. Олардың күнәкарлық өмірінде болған барлық жағымды істерден бас тартқысы келетіні туралы шешімді олар толығымен қабылдамады.

Қоршаудың бір жағында – Құдайдың Өз балаларына қалайтын өмір салты. Келесі жағында – сені қайтып оралуға шақыратын және оның барлық ләззаттарын тағы кішкене уақытқа болса да сезінуге еліктіретін шайтан.

Әрбір мәсіхші шешім қабылдауы қажет. Қоршаудың үстімен өмірдің соңына дейін жүруге болмайды. Таңдау жасау – сен Құдайдың жолымен жүресің, яки шайтанның жолын таңдайсың. Егер шайтанның азғырылуларына сәтті төтеп беруді үйренсеңіз, онда өзіңізді Құдай жолымен жүруге толығымен арнауыңыз қажет.

Егер шайтан бізді азғырған болса, Жақыптың хаты 4-тарау 7-8 аяттарда Құдай біздің не істейтінімізді қалайтыны туралы нақты кеңес берілген.

#### Жақып 4:7-8

**Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар! Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді. Құдайға жақындандар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екі ойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!**

Егер сіз Құдайға жақын болуды шешсеңіз, Ол сізге жақын болуды уәде етті. Осылайша тағы бір маңызды тақырып туындайды. Сіз қай бағытта қозғаласыз?



Әр күн өткен сайын Құдай сізге жақындап келе ме? Немесе алдындағыдай қоршау үстімен жүрудің тұрақты бағытын сақтайсыз ба?

Сонымен азығырылуды жеңудің алғашқы қадамы – кімнің жағына өтетініңізді таңдаңыз – Құдайдың немесе шайтанның жолы. Шешім қабылдағанда азығырылуды жеңу бойынша келесі идеяларды жүзеге асыру оңайырақ болады.

## Ә. Бұл азығырылу болды ма?

Жас сенушілердің көбісінде туындайтын көлемді мәселелердің бірі – олар дәл азығырылуға тап болғанда оны анықтау. Адам өзінің азығырылғанын түсінгенде азығырылу сәті жиі өтіп кетеді. Шайтанның жоспарының жартысы осыда болып тұр. Ол «Бұл АЗҒЫРЫЛУ» деген жазуы бар қағазды алып жүрмейді. Ол көбіне өзінің тұлғасын аша бермейді. Ол айтады: «Саған не қажет? Оны алудың ең қарапайым жолы мынау!»

Егер шайтанның азығыруларына қарсы төтеп беруді үйренуді қаласаң, онда азығырылуды ең басынан-ақ анықтауды үйрену қажет. Соңғы бірнеше күндерді еске алыңызшы. Күнә жасауға азығырылғандағы жағдайды есіңізге ала аласыз ба? Осыны қалай түсінесіз? Оның азығырылу екенін қаншалықты тез түсіндіңіз? Сіз қандай да бір немесе басқа ойдың азығырылу екенін түсінудің қиынға соғатын жағдайына душар болдыңыз ба?

Сіз азығырылуды бастан өткергенде Құдай сізге көмек беруге уәде еткен. Шайтан сізді күнәға батыруға талпынғанда Құдай сізге арыңыз арқылы сөйлейді және ескертеді. Сізге Құдайдың дауысын мұқият тыңдауды үйреніп, Оның сізбен сөйлесіп жатқанын түсіну қажет.

Шайтанның сізді азығыратынын білудің тағы бір әдісі – сіздің алдыңызда ашылатын мүмкіндіктерді қарастыру. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Егер мұны істесем, мен Құдайдың қандай да бір заңдарын бұзамын ба?» Егер жауап «иә» болса, онда бұл мүмкіндік Құдайдан емес болып есептеледі.

Өзіңіз жауап бергіңіз келетін тағы бір сұрақ: Егер мен мұны істесем, ол қадам Құдайға жақындауыма көмектесе ме? Егер ол қадам сізді Құдайдан алыстататын болса, онда мұқият ойланыңыз. Сіз шайтанның азығырылуы үшін нысана болуыңыз мүмкін.

Әрбір жас сенуші шайтанның көптеген азығырылулары үшін нысана болады. Шайтан сіздің Иса Мәсіхте ие болған жаңа өміріңізді талқандау үшін барлық мүмкіндіктерді қолданады. Сондықтан азығыру пайда болысымен бірден оларды анықтауды үйрену өте маңызды. Егер сіз азығырылуға қарсы тұруды үйренгіңіз әрі Құдайға ұнамды жолдармен өз мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды қанағаттандырғыңыз келсе, онда бұл маңызды мағынаға ие.

Азығырылуға берілетініңізді түсінгенде ғана сіз шайтанның ұсыныстарына қарсы тұру үшін төтеп бере аласыз.

## Б. Азғырылуды жеңу деңгейлері

Егер азғырылумен күресуді жақсы үйренгіңіз келсе, онда күнә жасауға азғырылуға түскен кезде іске қоса білетін жоспарды немесе үрдісті құру қажет. Әскер жауға қарсы соғысқа шыққанда, ол жоспар құрады, содан кейін жоспарға сай әрекет етіп, шайқасқа шығады. Біз өмірімізде азғырылуға тап болған кезде әрекет еткендей әрекет етуіміз керек. Азғыру келген әрбір сәтте әрекет ету жоспарының болуы және осы жоспарға сәйкес әрекет етуді бастай білу керек. Сіздің Құдайға жақындауыңызға көмек болу үшін азғыруға қалай қарсы тұрудың кезектілігін тереңірек қарастырайық.

### Азғырылуды жеңу деңгейлері

1. Сіз азғырылуға ұшырағаныңызды саналы түрде түсініңіз
2. Азғырылуға «ЖОҚ» деңіз
3. Құдаймен сөйлесуді бастаңыз
4. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шайтан қандай мұқтаждығыңызды қанағаттандырмақшы?»
5. Осы азғырылуды жеңудің Құдай жолдарын іздеңіз
6. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды Құдайға ұнамды жолдармен қанағаттандыруға көмек болатын мақсаттарды қойыңыз

Енді осылардың әрбір деңгейлері туралы нақтырақ сөйлесейік. Азғырылуды жеңудің осы деңгейлерін зерттей келе, сіз азғыруға ұшыраған кездегі жуырда болған бірнеше жағдайларды еске алыңыз. Осы алты деңгейді орындай келе, осы азғыруларға қалай әрекет ететініңізді елестетіп көріңізші.

### 1. Сіз азғырылуға ұшырағаныңызды саналы түрде түсініңіз

Сіз азғырылуға түскенде дауыстап жариялаңыз: «Мен азғырылуға ұшыраймын». Осы сөздерді сіз қалай айтып тұрғаныңыздың, нені естіп тұрғаныңыздың өзі сізге осы сызбаның келесі қадамдарына өтуге көмектеседі.

Шайтан – алдаудың шебері. Ол ешқандай да азғырылудың жоқ екеніне сізді сендіруге тырысады. Өте абай болыңыз, өзіңіздің әрбір қалауыңызды Құдайдың ақиқатының көмегімен «ақиқат екеніне тексеріңіз». Сонда сіз қашан күнә жасауға азғырылатыныңызды түсінесіз.

## 2. Азғырылуға «Жоқ» деңіз

Сіз күнә жасауға азғырылуға ұшырайтыныңды түсінген сәтте бірден шешім қабылдау қажет. Азғырылуға мойынұсынып, өзіңіздің мұқтаждықтарыңызды осындай жолмен қанағаттандыру оңай деп ойлайтын боласыз немесе сіз одан бас тартатын боласыз. Егер сіз «Жоқ» десеңіз, онда сіз Құдайдың жағында екеніңізді нақты білдіресіз. Егер сіздің жауабыңыз «мүмкін» немесе «ойланып көрейін» болса, онда сіз әлі де «қоршаудың үсітмен жүргіңіз» келетінін білдіресіз.

Иса күнә жасауға азғырылғанда, Оның мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін шайтанның жоспарын қарастырудан да Ол бас тартты. Иса шайтанның әрбір азғырылуларына «Жоқ» деді. Сіз де дәл солай жасауыңызға болады. Құдай әрбір азғырылуларды жеңу үшін сізге күш беруге уәде етті (Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13 қараңыз).

Шайтанның әрбір азғыруына «Жоқ» деп айтуға күмәнданбаңыз. Сіз «Жоқ» деп ертерек айтсаңыз, сіз үшін келесі қадамға өту оңайырақ болады. Азғырылуға «Жоқ» деп айтудың тағы бір жолы – азғырылуға себепші болған белгілі бір нәрседен яки белгілі бір адамнан алыстау. Егер сіз басқа жаққа кетуді немесе басқа жаққа қарауды бастай алсаңыз немесе сізді азғыратын нәрселерден бас тарта алсаңыз, онда солай жасаңыз! Көне Келісімде Жүсіп өте қатты азғыруға ұшырағанда дәл осылай істеді (Жаратылыстың басталуы 39 қараңыз). Жыныстық қатынас азғыруымен күресудің жолдары Жыр 4:23-27 берілген.

Салониқалықтарға арналған 1-хат 5:22 «Жамандықтың қай түрінен де аулақ жүріңдер!» деп жазылған. Кейбір азығыруларды жеңу жолдарының ең қарапайым жолы – осы аяттағы Құдайдың кеңесіне ғана жүгіну керек: азғырудан аулақ болыңыз.

## 3. Құдаймен сөйлесуді бастаңыз

Құдаймен шынайы болыңыз. Оған өзіңіздің не сезініп жүргеніңізді айтыңыз. Сізге шайтанның жоспары өте тартымды болып көрінуі мүмкін. Құдайға өзіңіздің сезімдеріңіз туралы айтудан қорықпаңыз. Шайтан сіздің тек онымен ғана сөйлескеніңізді қалайды. Ол сіздің өзінің идеяларына қатысты Құдайдан кеңес сұрағаныңызды қаламайды.

**Сіз шайтанға ешнәрсе дәлелдеуге міндетті емессіз.**

**Иса мұны жасамады.**

**Матай 4:1-11 қараңыз**

Құдайға мінажат еткенде, Оның уәделі жарылқаулары туралы өз сөзіңізде пайдаланыңыз. Құдайдың сізге берген уәделерін тағы бір еске алыңыз. Оның уәделері өзіңіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды қанағаттандыру үшін Құдай жолын іздеуге шақырады. Азғыруға қатысты Киелі кітаптан аяттарды оқыңыз. Иса азғыруға түскенде осылайша жасаған.

Құдайдан азғырылуға қарсы тұруға қалау және күш беруін сұраңыз. Азғырылуға қарсы тұру жолында қалған деңгейлерді орындап, Құдаймен сөйлесуді жалғастыра беріңіз.

#### **4. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шайтан қандай мұқтаждығыңызды қанағаттандырмақшы?»**

Шайтан әрқашанда сіздің барлық мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды біледі. Дәл қайсы мұқтаждық пен қалаулар екенін анықтап алуға тырысыңыз, оны жылдамырақ жасаңыз. Сонымен бірге егер сіз шайтанның соңынан ерсеңіз, онда оның барлығының немен аяқталатыны туралы ойланғаныңыз жөн. Шайтан ертең немесе бір аптадан кейін болатын жойқын нәтижелер туралы ойлағаныңызды қаламайды. Ол сіздің өз мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды оның әдістерімен қанағаттандырып, дәл қазір сезінетін ләззаттарды ғана ойлауыңызды қалайды.

Шайтанның кез келген азғыруының соңғы нәтижесі – күнә. Бұл үрдістің қалай болатыны туралы Жақып 1:14-16 түсіндірме берілген.

##### **Жақып 1:14-16**

**Күнәға еліккен ешқайсың да: «Құдай мені еліктіреді» деп айтпандар! Құдай күнәға еш елікпейді де, ешкімді еліктірмейді де. Қайта, адамды өзінің құмарлықтары еліктіріп, ол солардың жетегінде кеткенде сынақтан өтеді. Сонда құмарлыққа берілсе, сол күнәні тудырады, ал күнә жасау рухани өлімге ұшыратады. Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар**

Бұл азғырумен байланысты өз мұқтаждықтарыңызды немесе қалауларыңызды анықтауға тырысқан жағдайда сіз қандай қиындықтарға тап боласыз? Азғырылумен байланысты мұқтаждықтарды немесе қалауларды түсіну үшін Құдайдан көмек сұраңыз, мінажат етіңіз. Бұл мұқтаждықтарды Оның жолымен қанағаттандыру үшін Құдайдан көмек сұраңыз. Егер азғырылу күнәкарлық қалаумен байланысты болса, Құдайдан ол қалауға қарсы тұру үшін күш, сонымен қатар оларды Құдайдың ұнамды қалауларына алмастыруын сұраңыз.

Егер әзәзіл сізге қандай мұқтаждықтар мен қалауларды қанағаттандыруды мәжбүрлегісі келетінін түсінсеңіз, онда сіз келесі деңгейге өтуге дайынсыз.

## 5. Осы азғырылуды жеңудің Құдай жолдарын іздеңіз

Құдайдың сіздің белгілі бір мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды қалай қанағаттандыруын қалайтыны туралы Киелі кітапта көптеген кеңестер бар. Туындайтын бір мәселе – нақты бір жағдайда Құдай сіздің не істегеніңізді қалайтынын анықтау. Көп жағдайда сіз азғырылуға берілгенде, сіздің Киелі кітаптағы басты сөздер мен аяттар тізімін (Симфония) қолыңызға алып, азғырылуды қанағаттандырғыңыз келген мұқтаждықтар немесе азғырылулар туралы баяндалған он – он бес аяттарды іздеуге мүмкіндігіңіз жоқ. Біз кейінірек азғырылуға қалай дайын болу керектігі туралы нақтырақ сөйлесетін боламыз.

«Құдай біздің барлық мұқтаждықтарымызды қанағаттандырады» деген Құдайдың уәдесі бар. Філіпіліктерге арналған 4:19 былай делінген: «Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады». Шайтан сізді алдауға тырысады және сіздің кейбір қалауларыңыздың шын мәнінде мұқтаждық екеніне сендіруге мәжбүрлейді. Алайда егер Құдайға сенімді болсаңыз, Ол сіздің барлық қалауларыңызды қанағаттандыруға уәде берген.

### Забур жыры 36:4-5

**Жаратқан Иеннен тап рақатыңды, Ол сыйлайды ізгі жүрек қалауыңды. Өмір жолыңды тапсыр Тәңір Иеге, Оған сүйеніп сеніміңді жүкте, Ол сен үшін әрекет етеді де:**

Шайтан қалауыңызды қанағаттандыруға сізді азғырғанда өзіңізге сұрақ қойып көріңізші: «Мен үшін менің осы қалауларымды қанағаттандыру Құдайдың басымдықтарымен қалайша үйлесетін болады?» Осы сәтте менің өмірімде мен үшін не маңыздырақ? Біз үшін барлық уақытымызды жеке қалауларымызға арнау өте оңай, біз тіпті басқа адамдардың мұқтаждықтары туралы ұмытып кетеміз. Шайтан сіздің өзімшіл болғаныңызды қалайды. Құдай сіздің жеке қалауларыңызды ғана ойлай бермей, басқа адамдарға көмектескеніңізді қалайды.

Азғыру қандай болмасын Құдай сізге мәселеден шығатын жолды табуға көмектесуге уәде берді. Біз азғырылудан Құдайдың жолын іздегенде екі нәрсені істеуіміз қажет. Біріншіден, өз ойыңызды тәртіпке бағындыруға шешім қабылдаңыз. Сіз ешқашан санаңызға келетін күнәкарлық ойларды тоқтата алмайсыз, бірақ өз ойыңызда азғырылуды анықтай салысымен не істеу керектігі туралы тез шешім қабылдай аласыз. Осы ойларды байлап, Мәсіхке бағындыру керек.

### Қорынттықтарға арналған 2-хат 10:4-5

**Қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың күдірегі бар. Солармен жау бекіністерін талқандаймыз; оның дәлелдемелерінің қате екенін әшкерелеп, адамдардың Құдайды тануларына бөгет болатын тәкаппарлық атаулыны құртып, күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындырамыз.**

Құдай сізге осыны істеуге күш береді, бірақ Ол оны сіз үшін жасамайды. Сіз өзіңіз осы ойларды байлауыңыз қажет.

Екіншіден, Құдай әрбір азғырылудан шығатын жолды уәде етті. Сізге осы жолды іздеуге әрі сол жолды табуға Құдайдан көмек сұрау керек.

### **Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13**

**Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсындар, еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді.**

Сіз мұқтаждықтарыңызды Құдайға ұнамды жолмен қанағаттандыру керектігін білмеуіңіз мүмкін. Бірақ кез келген азғырылу кезінде Құдай сізге жол табуға көмектесе алатынына сенімді болыңыз. Құдай әрқашан Өзінің сөзінде тұрады. Алайда болашақта белгілі бір салада шайтанның сізді азғыру міндетін қиындатқыңыз келсе, осы мұқтаждықтар мен қалауларды қанағаттандырудың Құдай жолын табыңыз, содан кейін келесі деңгейге көшіңіз.

## **6. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды Құдайға ұнамды жолдармен қанағаттандыруға көмек болатын мақсаттарды қойыңыз**

Азғыруға «Жоқ» деп айтқаныңыз, өз өміріңіздегі барлық мұқтаждықтарыңызға «Жоқ» деп айтуды білдірмейді. Сіздің мұқтаждықтарыңызды немесе қалауларыңызды қанағаттандыруды Құдайдың әдістерімен бастау үшін сіз тәжірибе жүзінде не істей аласыз? Алдымен Киелі кітаптан Құдайдың мұқтаждыққа немесе қалауларға қатысты сіздің қалай әрекет еткеніңізді қалайтыны турасында аятты тауып алыңыз. Ол аятты жаттап алыңыз. Содан кейін алдыңызға бір күнде орындауға болатын қарапайым кішігірім мақсаттарды қойыңыз. Бұл іске сізге көмек керек болуы мүмкін. Мәсіхші достарыңызбен мұны талқылаудан қорықпаңыз. Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13 баяндалған сөздерге сәйкес ол осындай немесе осыған ұқсас жағдаяттарға тап болған шығар.

Бұл мақсатты орындауға бірден іске кірісіңіз. Ертерек бастасаңыз, шайтанға сізді азғыру да қиынға соғады. Сонымен қатар шайтанның азғыруына қарсы тұруға қатысты өз шешіміңізді тағы да нық бекітіп алыңыз. Құдайға жақындай келе, Құдайдың өз мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды сіздің қалай қанағаттандыруыңызды қалайтынын түсіну оңай болады.

Күнәға азғырылуды жеңу жолында сіздің табысқа жетуіңізге осы алты деңгей көмектеседі. Тек осы алты деңгейден өз күшіңізбен өтуге тырыспаңыз. Сіз тап болған азғырылулардың әрқайсысын жеңу үшін Құдайдан сізге қалау және күш беруін

сұраңыз. Тәжірибені ескеріп, айтып үйреніңіз: «Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын» (Філіптіктерге арналған хат: 4:13). Сіз көп азғырылуды жеңген болсаңыз, мәсіхшілікте күшіңіз арта түседі.

## 3-тарау

# Азғырылуға қалай дайындалу керек

Уақыт өткен сайын күнә жасауға азғырылуға тап болатыныңызға еш күмәніңіз болмасын. Әрбір мәсіхші өз өмірінің соңына дейін күнәға азғырылуға тап болады, дегенмен азғырылулардың түрлері мен жағдайлары өзгеріп отырады. Сіздің өміріңізде орын алатын азғырылуларға төтеп беруге әзір болу үшін не істеу керектігін қарастырайық.

### А. Құдайға жақындай беріңіз

Азғырылуларға қарсы тұруға дайын болудың ең маңызды әдісінің нақты азғыруларлардың ешбірімен тікелей байланысы жоқ. Жақыптың хаты 4:7-8 аяттарда азғырылуға берілгенде не істеу қажеттігі туралы түсіндіріледі.

#### Жақыптың хаты 4:7-8

**<sup>7</sup> Сонымен, Құдайға мойынсұнындар! Әззіл шайтанға қарсы тұрындар, сонда ол сендерден қашып кетеді. <sup>8</sup> Құдайға жақындандар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартындар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырындар!**

Құдайға жақындау – шайтанның шабуылдарына төтеп берудің кепілі. Бұл өз кезегінде алда кездесетін азғырылуларға қарсы тұруға дайын болудың аса маңызды әдісі болып табылады. Құдайдың уәдесі Філіпіліктерге арналған хат 4:13 нақты баяндалған. «Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын». Егер сіз Құдайға жақындасаңыз, онда әрбір азғырылуларға тойтарыс бере алуларың үшін сізді Құдай ерекше жолмен қажеттінің барлығымен жабдықтайды.

#### Ефестіктерге арналған хат 6:10-11

**Соңында айтарым мынау, бауырластарым: Иемізбен тығыз байланыста жүріп, Оның күдіретінен қуат алып, нығая беріңдер! Шайтанның қастық іс-әрекетіне тойтарыс бере алуларың үшін Құдай берген «рухани қару-жарақпен» түгел жабдықталындар!**

Егер ішкі жан дүниеңізде Құдайдың күшіне ие болғыңыз келсе, онда азғырылуға бетпе-бет келгенде сіз азғырылуға бой алдырмастан бұрын осы күшке ие болуыңыз қажет. Баскетболшыға дайындықты бастау үшін бірінші ойынның маусымын күтудің қажеті жоқ. Ол ойын басталмастан бұрын ұзақ айлар бойы жаттығып, дайындалады. Ол чемпионаттан біраз уақыт бұрын дайындалуға шешім қабылдайды.



Командаға келгенде оның алдында ұзақ сағаттарға созылған ауыр еңбектің болатынын ол жақсы білді. Дегенмен ойын басталған сәтте дайындықтың барлық қиындығы ұмытылып кетеді де, ол өз командасын жеңіске жеткізе алады.

Егер күнәға азғырылуды табысты жеңгіңіз келсе, онда сізге қажетті рухани күштің сізде болуы үшін күн сайын Киелі кітап оқуға және мінажатта болуға уақыт арнау керек. Сондай-ақ әлбетте мынаны білу маңызды, сіздің Иса Мәсіхке арналуыңыз – берік және өзгермейтін құбылыс.

Мәсіхші болуға күмәнданған адамның өзін Киелі кітап оқуға және мінажат етуге тәрбиелеуі қиынға соғады. Өз өміріңізді Мәсіхке толығымен бергенде ғана, сізге тап болатын азғырылуларға төтеп беруге өзіңізді дайындауға бар жүрегіңізбен арналу әлдеқайда оңай болатыны сөзсіз.

Құдай сонымен қатар азғырылуға бетпе-бет кездескенде әрбір мәсіхшіні қорғауға уәде берген.

### **Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13**

**Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсындар, еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді.**

Бұл жерде меңгеріп алатын маңызды нәрсе – сіз тап болатын кез келген азғырылулардан бойыңызды аулақ ұстай алуыңыз үшін Құдай барлығын жасайды. Азғырылуларға төтеп беруге дайындалу кезінде Құдайдың «эвакуациялық бағытын» зерттеу керек. Киелі кітап азғырылуға төтеп берудің нақты нұсқауын береді. Жаратылыстың басталуы 39-тарауда Жүсіп өзін күнә жасауға азғыратын адамнан қашады. Бұл күнәға берілуден қорғанатын Құдайдың әдісі болуы мүмкін. Өзге жағдайларда Құдайдың әдісі шайтанға қарсы тұрып, Құдайдың уәдесін жариялай келе, Құдай сөзінде берік тұрып, сізді күнәға қарсы тұру күшімен қамтамасыз ету болып табылады.

Әрбір туындаған азғырылуларға қарсы тұру үшін Құдайлық әдістерді үйрену – бұл тағы бір тақырып. Құдайды тыңдап үйрену керек. Негізі Құдай кеңес бергенде қатты дауыспен, күркіреген дауысымен сирек сөйлейді. Әдетте Ол сіздің жаныңызға келіп, «баяу дауыспен» ғана сөйлейді.

### **Ғалаттықтарға арналған хат 5:16**

**Ал мен былай деймін: Киелі Рухтың күші мен жетегінде өмір сүріңдер, сонда ескі күнәкар болмыстарының қалауы іске аспайды.**

Құдайдың Сөзін оқығанда және мінажат еткенде Киелі Рух сізді ақиқатқа жетелейді. Егер сізде маза бермей жүрген нақты бір азғырылу бар болса, онда Киелі Рухтан сізге сол азығырылудан шығудың Құдайлық жолын көрсетуін сұраңыз.

Құдайдың дауысын тыңдау оңай болмауы мүмкін. Алайда Құдай сенімді және төзімді. Құдайға жақындаған кезде Оның айтқанын тыңдау сізге оңайырақ болады.

## **Ө. Өз мұқтаждықтарыңызды Құдайдың әдістерімен қанағаттандырыңыз**

Жас сенушілерді күнә жасауға мәжбүрлеу үшін олардың көпшілігі күн өткен сайын шайтан қолданатын кем дегенде бір азғыруға ұшырайды. Егер мұндай азғырылу болса, оны тереңірек қарастыру керек.

### **1. Өзіңіздің ең үлкен азғырылуларыңызды таныңыз**

Жұмыс дәптерінің «**Менің азғырылуларымды анықтау**» 2-жобасын орындай отырып, өзіңіздің істеп жатқан жұмысыңызға оралуға болады. Бұл жобада сіз өзіңіздің жақын арада ұшыраған азғырылуларыңызды таныдыңыз және зерттедіңіз. Сіз жиі ұшырасатын азғырылуларға қатысты сұрақтарға жауап беру үшін қазір біраз уақыт бөлуіңізге болады.

Осы азғырылуды жеңудің қандай да бір жолы туралы ойланыңыз. Ол белгілі бір уақытта бола ма: мысалы, бірден түстен кейін бе? Яки ол сіздің белгілі бір жерде немесе білгілі бір адамдардың арасында жүргеніңізде орын ала ма? Бұл ақпарат осы азғырылуларға төтеп беруге дайын болудың дұрыс әдістерін табуға көмектеседі.

Арман бірнеше күн бұрын мәсіхші болды. Ол темекі тартудан бас тартқысы келеді, бірақ оған одан бас тарту қиынға соғуда. Тамақтанған сайын, әсіресе тамақтанып болған соң темекі тартуға азғырылу мүмкіндігі басым болады. Неліктен? Өйткені ол ылғи тамақтан кейін темекі тартатын. «Ол маған демалуға көмектеседі», «Ол тәттілердің үстіндегі көпіршіктелген кілегей сияқты. Түскі астың толық болуы үшін», – дейді Арман.

Сізге азғырылуға нақты қай уақытта берілетінін анықтау мүмкін болмады. Олай болған жағдайда келесі бірнеше күн аралығында әрбір азғырылудың қашан келетінін жазып отырыңыз. Жұмыс дәптерінің 2-жобасында көрсетілген сол сұрақтарды қолдануға болады.

### **2. Шайтан сізді қанағаттандыруға мәжбүрлеуге тырысатын мұқтаждықтарды танып алыңыз**

Сізде өзіңізге қатысты жиі қолданатын азғырылулар туралы нақты түсінік болғанда, оған төтеп беруге дайындалуды бастауға да уақыт келеді. Шайтан сізді қандай мұқтаждықтар мен қалауларды қанағаттандыруға мәжбүрлегісі келетінін анықтап алуға тырысыңыз.

Арманның темекі тартуға азғырылуын бұл деңгейде бағалау оңай болмайды. Тамақтан кейінгі темекі тартудан соң сезінетін толық аяқталу сезімін мүмкін «қалаулар» санатына жатқызуға болады. Алдында біз айтқандай, шайтан бізді мұқтаждықтар мен қалауларды қанағаттандыруға азғырады. Бірақ Арманның өмірінде темекі тартумен өзін қанағаттандыратын, тіпті ол өзі білмейтін мұқтажыдықтар да болуы ықтимал. Мысалы, темекі тарту ол үшін демалудың бір жолы болуы мүмкін. Егер Арман ендігі өте оңай ашуға беріліп, және де сол кезде темекі тартқысы келгенін анықтаса, онда келесідей қорытынды жасауға болады, темекі тарту оның өткен өміріндегі осы мұқтаждығын қанағаттандыруға көмектескен.

Бұл азғырылуды табысты жеңудің кілті – бұл қалаулар мен мұқтаждықтарды қанағаттандырудың басқа жолдарын табу. Арман демалып, «толықтық пен аяқтылық» сезімін сезіну үшін Құдайдың әдістерін тапқанда ғана, тамақтану оған ләззат, қуаныш сыйлайды, ол бұл азғырылудан арылуға жақын қалады. Бұл мұқтаждықтарды әрбір кезде дәл Құдайдың әдістерімен қанағаттандыру үлкен іс болып табылады.

Біз осы оқулықтың 8-бетінде әрқайсымыз тап болатын әртүрлі мұқтаждықтардың түрлерін талқыладық. Бұл материалды тағы бір қайталап, өзіңізге сұрақ қоюға болады: «Осы мұқтаждықтардың қайсысын қанағаттандыру қиынға соғады?» Шайтанның сізді осы мұқтаждықтарыңызды қанағаттандырудың жолын табуға азғыруды бастағанын күтпеңіз. Сізде мұқтаждықтың барын түсінгенде ғана, оған әсер етудің Құдайлық әдісін табуды іздеңіз. Сіздің өміріңіздегі кейбір салалардағы шайтанның азғырылуына қарсы тұрудың ең тиімді жолдарының бірі – оны Құдайдың әдістерімен қанағаттандыруға үлгеру.

### **3. Өзіңіз үшін өз мұқтаждықтарыңызды қанағаттандырудың Құдайлық әдістерін ашыңыз**

Філіпіліктерге арналған хаттың 4-тарауы 19-аятта Құдайдың уәдесі бар. Філіпіліктер 4:19 «Менің Құдайым сендердің барлық мұқтаждықтарыңды кереметтей қамтамасыз ететін болады!» деген бізге берілген тамаша уәдесі бар. Сондай-ақ Жохан 16:13 аятта «Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді» деген Құдайдың тағы бір уәдесі бар. Дегенмен Киелі Рух – сіздің ұстазыңыз, ал Құдайға мінажат ету және Құдайды тыңдау – сіздің мұқтаждықтарыңызды қанағаттандыру үшін Құдайлық әдістерді іздеудегі маңызды қадамдардың бірі.

Сіздің өміріңіздегі бар азғырылулар мен мұқтаждықтар туралы Киелі кітап не айтатынын анықтап алыңыз. Нақты бір азғырылуға қатысты Киелі кітапта не жазылғандығын анықтаған кезде, келесі сауалдарды өзіңізге қойып көріңіз.

Құдайдың сөзіне сәйкес азғырылудың себебі не?

Жақып 1:14-15

Жохан жазған Ізгі хабар 2:15-17

Құдайдың сөзіне сәйкес не нәрсе осы азғырылуға берілудің салдары болып табылады?

Жақып 1:15

Нақыл сөз 5:7-14

Римдіктер 6:23

Нақыл сөз 6:25-31

Жоханның 1-хаты 2:17

Осы азғырылуды мен қалай жеңіп шығамын?

Құдайдың қандай уәделерін мен жариялай аламын?

Құдай мендегі бар мұқтаждықтарды қалай қанағаттандыруымды қалайды?

Құдайға жақын болу үшін осы азғырылуларды қалай пайдалана аламын?

Көп жағдайда өз мәселелеріңмен басқа мәсіхшілермен бөлісу өз пайдасына жарап жатады, себебі көп мәсіхшілер бірдей азғырылуларға тап болады. Олар осы азғырылуларды қалайша жеңеді? Киелі жазбадағы қандай сөздер оларға көп көмектесті?

Сіз Киелі кітаптан өзіңізге пайдалы жерді тапқанда оларды жазып, жаттап алыңыз. Күні бойы, әсіресе, азғырылуға түскенде сол аяттарды өзіңізге қайталап айтып жүріңіз.

#### **4. Өз мұқтаждықтарыңызды Құдайлық әдістермен қанағаттандыру міндеттемелерін өзіңізге алыңыз**

Шайтан сіздің мұқтаждықтарыңызды қанағаттандырудың Құдайлық әдістерін білгендігіңізден ғана сізді азғыруды тоқтатпайды. Ол өзінің әдісімен – қарапайым әдіспен мұны істеуге азғыруды жалғастыратын болады. Егер сіз шайтанның азғыруларына қарсы тұруды қаласаңыз, онда әрбір күні өзіңіздің Құдайға жақындау міндеттемелеріңізді табанды орындаңыз. Егер сіз тұрақты түрде Құдайдың әдістерін ұстануға шешім қабылдасаңыз, онда сізге әрбір азғырылуларға қатысты төмендегідей ойлар келмейді: «Мен қайда барамын – «Құдайдың жолымен немесе қарапайым (шайтанның жолы) жолмен жүремін бе?»

Кейбір уақытта шайтан сіздің басқа мұқтаждықтарыңызға қарағанда маңызды емес мұқтаждығыңызды қанағаттандыруға сізді азғырады. Иса шөл далада мінажат етіп, ораза ұстағанда, Ол қырық күн аралығында өте аш жүрді. Шайтан Оған келіп, Оны тасты нанға айналдыруға азғырды. Иса шынымен аш болды. Оның тәні тағамға мұқтаж болды. Ол үшін сол кезде бұл маңызды мұқтаждық болғаны сөзсіз. Алайда Иса шайтанның кеңесіне жүгінуден бас тартты, өйткені Құдай біріншіден Оның басқалардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруын қалағанын Ол білді (Матай жазған Ізгі хабар 4-тарау).

Осыдан біраз уақыт өткеннен кейін Иса Матай 5-7 тарауларында баяндалған ел ауызында Таудағы уағыз болып аталып кеткен уағызды жария етті. Нақтырақ айтқанда, Ол мұқтаждықтарды қанағаттандырудың Құдайлық басымдығы туралы уағыздады.

### **Матай 6:31-33**

**Сондықтан не ішіп-жейміз, не киеміз деп уайымдамандар!  
Тәңірге мойынсұнбайтындар барлық сондай нәрселерге ие болуға  
тынымсыз ұмтылуда. Ал бұлардың бәрінің сендерге қажет екенін  
көктегі Әкелерің біледі ғой. Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының  
қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылындар!  
Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді.**

Біздің мұқтаждықтарымызды қанағаттандыру Құдайдың *еркі* екеніне біз сенімді бола аламыз. Тек белгілі бір мұқтаждықты қанағаттандыру үшін Оның *уақыты* келмеген болар. Иса шөл далада жүргенде Ол аш жүрсе де Оны тамақтандыратын Құдайдың уақытының әлі келмегенін білді. Шайтан сізді өзіңізге ғана қатысты мұқтаждықты қанағаттандыруға уақытыңыздың көп бөлігін жұмсауға мәжбүрлеуі мүмкін. Осылайша сіздің айналаңыздағы адамдардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін көмектесуге сізде не уақытыңыз, не қаражатыңыз қалмайды.

Құдайдың уәдесі айқын: Ол сіздің барлық мұқтаждықтарыңызды қанағаттандырады. Кейде мұқтаждық пен қалауды ажырату қиын болады. Шайтан іс жүзінде сіздің қалауларыңыз туралы айтып тұрып, сізге бір нәрсенің қажет екеніне сендіруге тырысу үшін барлығына да барады. Азғырылуға қарсы тұру дайындығына біздің қалауларымыз қалай қатыса алатындығы туралы толығырақ сөйлесейік.

## **Б. Орынды қалауларыңызды Құдайдың анықтап беруіне мүмкіндік беріңіз**

Шайтан баяғыдан-ақ адамдарды өз қалауларын қанағаттандыруға азғыра отырып, олардың қалауларымен ойнай білу өнерін жақсы меңгерген. Оның бірінші құрбаны пейіш бағындағы Хауа болды. Ол Хауаны Құдай жеуге тыйым салған ағаштың жемісін жесе, оның Құдайға ұқсайтынына сендірді. Хауаға Құдайға ұқсаудың мүлдем қажеті жоқ еді. Бірақ ол осылай керемет болады деп шешті – ол оның қалай іске асатынын көргісі келді. Көп ұзамай Адам да оған қосылып, жемісті ол да жеп көрді.

Біз мұқтаждықтарымызды шайтанның әдістерімен қанағаттандырғанда, оның салдары ешқашан бізге ауыртпалық әкелмейді. Ол бізді әрқашан Құдайдан алыстатады, бұл қалауларды қанағаттандырудан алатын ләззат көп жағдайда қысқа мерзімге ғана қуаныш сыйлайды. Біздің барлық қалауларымыз бұрыс па? Жас сенушілерге өздеріндегі мүлдем жаңа қалаулардың жиынтығын дамыту керек пе? Құдай біздің қалауларымызды қанағаттандыруды қалай ма? Біздің қалаулар азғырылуға қарсы тұру дайындығына қалайша қатыса алады?

## 1. Құдайға не ұнайтынын анықтаңыз

Құдай сіздің бақытты болғаныңызды қалайды. Ол сіздің өмір сүруден ләззат алғаныңызды қалайды. Ол сіздің өміріңіздің ағыл-тегіл молшылықта және болашағыңыз жарқын болғанын қалайды. Егер сіз Мәсіхтің соңынан еруге шешім қабылдасаңыз, онда Құдайдағы бар қалауларды өзіңіздің бойыңызға сіңіру қажет. Құдайға не ұнайтынын анықтаңыз, сол нәрсені сіз де жақсы көріңіз.

### 1 Петір 4:2

**Бұдан былай осы дүниедегі өміріңнің қалған кезеңін ескі күнәкар болмыстарыңның құмарлықтарына сай емес, Құдайдың еркіне мойынсұнып өткізулерің керек.**

### Забур жыры 1:1-2

**Мынадай адам шынымен бақытты: Ол құдайсыздар кенесіне бармайды, Күнәкарлар жолымен де жүрмейді, Мазақтаушылармен бірге отырмайды.**

**Қайта, ол Жаратқанның тәліміне қуанады, Күні-түні сол туралы ойланады.**

Бұл жырдың екінші аяты өз қалауларын Құдайдың қалауларына бағындыратын мәсіхшінің өмірлік мәнін сипаттайды. Бұл адам өзінің Құдайға мойынсұна алатын мүмкіндігіне қуанады. Құдай жас сенушінің не істегенін қалайтынын ол қалай біледі? Аяттың екінші жартысы мынандай түсініктеме береді: Құдай заңдары туралы ойланып, Құдайдың соңынан ерудің жолдарын іздеу қажет. Құдай Сөзін зерттеген кезде сізден Құдай не қалайтынын білетін боласыз. Сіз Құдай сияқты ойлауды үйренесіз.

### Забур жыры 36:4-5

**Жаратқан Иеннен тап рақатыңды, Ол сыйлайды ізгі жүрек қалауыңды.**

**Өмір жолыңды тапсыр Тәңір Иеге, Оған сүйеніп сенімді жүкте, Ол сен үшін әрекет етеді де:**

Егер Құдаймен бірге бақытты болуды іздесеңіз, Ол әрқашан сіздің қалауларыңыздың барлығын береді. Бірақ егер осы әлемнен бақыт іздеген болсаңыз – Құдай сіздің қалауларыңызды қанағаттандырмайды.

## 2. Өткен кезеңдегі күнәкарлық қалаулардан бас тартыңыз

Мәсіхші болмай тұрып, сіз өз мұқтаждықтарыңызды қанағаттандырудың Құдайлық әдістерін іздеуге тырыспадыңыз. Шайтанның жолдарымен жүріп, сіз бұл қалаулардың қақпандарына түскенсіз. Мысалы, есірткіні қолдануға шешім қабылдаған жасөспірім уақыт өткен сайын оған тәуелді бола бастайды. Темекі тартуды бастаған

көптеген жасөспірімдердің ойынша, осылайша адамдар белгілі ортаның бір бөлігі бола алады, ал кейін анықтылғандай, ондай жаман әдеттен арылу оларға қиынға соғады.

Дәл қазір сіз күнә деп есептейтін қандай да бір әрекеттерден өткен уақытта ләззат алуды үйренген боларсыз. Құдай бізге өткен шақтағы барлық күнәкарлық қалауларды жиыстырып қою керектігін нақты айтады.

#### **Ефестіктерге арналған хат 4:21-24**

**Оның айтқандарын естіп, Онымен тығыз байланысып, шынайы тәлім алып келдіңдер. Себебі шындық Исада. Алдамшы құмарлықтарымен өмірлеріңді құртып келген ескі күнәлі болмыстарың мен бұған дейінгі өмір салттарыңды енді тастандар!**

**Рухтарың мен ақыл-ойларың түгелдей жаңарсын; осылай Құдайға рухани жағынан ұқсас жаратылған жаңа, шынымен әділ де қасиетті адам болып өмір сүріңдер!**

#### **Қолостықтарға арналған хат 3:5**

**Ал енді, күнәкар дүниеге жататын қылықтарыңды біржола тоқтатыңдар: неке адалдығын бұзу, әр қилы азғындық, нәпсіқұмарлық және арам пиғылдан аулақ жүріңдер; ашкөздікке де салынбаңдар, ол жалған тәңірлерге табынумен бірдей!**

Осы екі хаттарда біз арылуымыз қажет күнәкарлық қалаулар мен әдеттердің тізімі берілген. Ефестіктерге арналған хат 4:17-32 және Қолостықтарға арналған хат 3:5-15 қараңыз.

Осы қалаулардың кейбіреуіне қарсы тұру үшін мүмкін уақыт керек болады. Көптеген жас сенушілер оларды жеңу үшін нағыз шабуылға шығады. Бұл жөнінде бір мәсіхші былай дейді: «Кейде мынадай сұрақ туындайды – Мен шынымен мәсіхшімін бе? Мен Құдайға қатты қызмет еткім келеді. Неліктен өткен кездегі қалаулар әлі де мені мазалайды? Мен Құдайға өткендегі өмір салтымнан бас тартқым келетінін айтқанмын. Неліктен Құдай бұрынғы ескі қалауларды алып тастамайды?»

Ескі қалауларды жеңу әдістерінің бірі – оларды жаңаға алмастыру. Кейбір сенімге жаңа келген мәсіхшілерге белгілі бір ескі қалауларды жеңу қиынға соғады. Өйткені олар ескі қалауларды Құдайға ұнамды қалаулармен саналы түрде ауыстырмай-ақ, ескіден бас тартуға тырысады. Егер осылай әрекет етсек, онда ішкі жан дүниемізде бос орын қалыптасады. Осылайша сіз шайтанның азғыруына тап болып, оңай олжаға айналасыз.

Шайтан сізді өткен өміріңіздегі қалаулардың бірін қанағаттандыруға мәжбүрлеуге тырысқанда сіз не істейтініңіз туралы жоспар құруыңыз мүмкін. Сіз осы саладағы әрбір азғырылуды Құдайға ұнамды жаңа қалаудың туындауына жұмыс істеу керек екенін еске салатын «оятқыш» ретінде пайдалануыңызға болады. Бұл өз кезегінде шайтанға қарсы жұмыс істейді. Оның азғырылулары тек сізге күшті мәсіхші болуға көмектесіп жатқанын шайтан түсінгенде, ол осы салада сізді азғыруды доғаруы мүмкін.

Бастысы – қандай жаңа қалауды ескімен алмастыруға болатынын жоспарлау. Киелі жазбадағы осы тақырып бойынша аяттарды тауып, оларды жатқа жаттап алыңыз. Осы салада шайтан сізді азғырса да, күні бойы ол аяттарды оқып, жариялап жүріңіз.

Сіз өз қалауларыңызды өзгерте аласыз. Бұл оңай болмауы мүмкін. Осы салада Иса Мәсіхтің соңынан етуге дұрыс шешім қабылдасаңыз – ол табысқа жетудің алғашқы қадамы болады.

### **3. Өз қалауларыңызды Киелі кітаптық құндылықтарға сай өлшеммен бағалау**

Сіздің өміріңізде бәрінен маңызды не? Бәрінен нені құнды санайсыз? Сіздің тұжырымдарыңыз қандай? Осының барлығы жиынтықта сіздің құндылықтарыңыз болып табылады. Олардың ішіндегі кейбіреулері Киелі кітаптық, қалғандары – мәдени немесе өзімшіл құндылықтар. Жас сенушілер өз құндылықтарын қайта бағалауға уақыт бөлуі керек. Бұл әсіресе, тұрақты мәсіхшілік өмір салтымен өмір сүруді бастағысы келетіндер үшін өте маңызды.

Біз өз қалауларымызды бағалау үшін өз құндылықтарымыздың жүйесін пайдалана аламыз. Кейбір адамдар тамақтануға көп көңіл бөледі. Олар үшін тамақтану басқа істерден артық болып тұрады. Олар дастарқанға отырғанда, олардың тамақтағы әдеттерінің барлығын олардың қалаулары бақылауға алады. Тамақтануды басқа бір істен төмен көретін, басқа істі жоғары санайтын адам өзінің тамақтану кезіндегі әдеттерін өте оңай бақылай алады.

Бірде Иса Өзінің шәкірттерімен Самария бойынша ел аралап жүрді. Олар қала сыртында тұрақтады, ал Исаның он екі шәкіртерінің барлығы тамақ сатып алуға кетті. Түс кезі еді. Қаладан ыдыстарын суға толтырып алуға бір әйел келді. Иса онымен сөйлесіп кетті. Өңгіме әйелдің рухани жағдайы турасында өрбіді. Шәкірттері келген кезде Исаны тамақтанып алуға мәжбүрлей бастады. Бірақ Ол былай дейді: «Ал Иса: - Менің сендер білмейтін «тамағым» бар, - деді... Иса оларға астарлап былай деді: - Өзімді жібергеннің еркін іске асырып, Оның тапсырғанын толық орындау Маған «нәр» болады». (Жохан жазған Ізгі хабар 4:32, 34)

Иса басқа адамдарға көмектескенде Өзінің жеке мұқтаждықтары мен қалауларынан Өз көңілін аударып білді. Егер сізге ескі қалаулармен күресу қиынға соқса, онда басқа адамдарға көмектесуге қанша уақыт арнағаныңызды қарастырыңыз. Егер өз мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызға қарасаңыз, онда аз болса да өзімшілдікке берілесіз, сізге жақында ғана сіздің үстіңізден билік еткен кейбір нәрселермен күресу әлдеқайда оңай болады.

Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Бүгін менің қалауымды қанағаттандыру Құдайдың көзқарасымен қаншалықты маңызды болды?». Біз әрбір нәрсеге Құдайдың көзқарасымен қарайтын болсақ, онда бізге қандай қалауларды қанағаттандыру керек, ал қайсыларына назар аудармау керек екенін түсіну оңай болады.



Азғырылуға дайын болуға қанша уақыт арнасаңыз да, шайтан сізді азғыруға тырысатын болады. Алайда сіз оған неғұрлым жақсы дайын болсаңыз, соғұрлым күресіңіз сәтті болады.

## **В. Кейбір азғырылуларды болдырмауға болады**

Сіз не туралы ойланғаныңыз, өз уақытыңызды неге жұмсайтыныңыз, сіз ұшырасатын азғырылуларға айтарлықтай деңгейде ықпал етеді. Сіз бостандықта өмір сүргіңіз келе ме? Шынайы азат болу өзіңіз қалаған нәрсенің барлығын жасау дегенді білдірмейді. Шынайы азат болу дегеніміз дұрыс қадам жасауды таңдай білу күшіне ие болуды білдіреді. Бұл күш сіздің ішкі жан дүниеніңде пайда болады, егер ол сізде болмаса, онда Құдай сізге қанша күш керек болса сонша күш беруге дайын.

Белгілі бір салаларда шайтанның сізді азғыруға тырысуына жол бермеу үшін сіз не істей аласыз?!

### **1. Айқын күнәдан аулақ болыңыз**

Салониқалықтарға арналған 1-хат 5:22 айтылған: «Жамандықтың қай түрінен де аулақ жүріңдер». Бұл – көптеген азғырылулардан бас тартуға ықпал ететін ең жақсы әдіс. Сіз күнәкарлық дүниенің қасында болып, оларға елігіп кетпейтініңізді шайтанға дәлелдеуге міндетті емессіз. Егер нәпсілік азғырылулармен мәселелер болса, порнографиялық журналдар мен кітаптар сататын сауда орындарынан алыс жүргеніңіз абзал. Егер сізде есірткімен мәселе болса, онда ондай заттары бар адамдардан аулақ жүріңіз.

**Тімотеге арналған 2-хат 2:22**

**Сонымен жастықтың құмарлықтарынан бас тартып, пәк жүрекпен Иемізге сиынатындардың бәрімен бірге әділдік, сенім, сүйіспеншілік және татулыққа ұмтыл.**

Мәселелердің қайнар көзі болатын жерлерден алыс жүру арқылы сіз көптеген азғырылулардан аулақ жүруіңізге болады. Бірақ барлық азғырылуларға осы тәсіл жарай бермейді. Егер сізде артық салмақ болса, сіз көп тамақтануға азғырылуды сезінесіз. Өміріңіздің соңына дейін астан ұзағырақ тартыну – ол дұрыс шешім болмайды, егер сіз өз өміріңізді ұзартуға шешім қабылдасаңыз ғана дұрыс шешім қабылдаған болар едіңіз. Біз бас тарта алмайтын азғырылулар болады. Азғырылуларға ұшырағанда бізге оларға төтеп беруді үйрену керек.

### **2. Өз ойларыңызды тәртіпке келтіріңіз**

Нақыл сөз 23:7 айтылғандай, адамның ойы қандай болса, өзі де сондай болғаны. Егер сіз өз санаңызды күнәкарлық істер туралы ойлармен толтырсаңыз, онда шайтан бұл ойларды күнә жасауға азғырып, оны жүзеге асырады. Егер сіз өз санаңызды

мәсіхшілік емес телебағдарламалармен толтырсаңыз, ол сіздің өміріңізге әсер етпей қоймайды.

Қолостықтарға арналған хаттың 3:1-2 аятында Құдаймен байланысты өз мәселелеріңізге ден қоюға, Ол үшін өмір сүруге, осы дүниенің күнәкарлық жолдары туралы ойламауға қатаң нұсқаулық берілген. Егер сіздің санаңыз өткен өміріңіздегі күнәға алаңдаса, онда сізге сол жерде тоқтап, өзіңізді басқа нәрсе туралы ойлауға мәжбүрленіз. Філіпіліктерге арналған хаттың 4:8 аятында мәсіхшілер ойлауға тиіс нәрселердің толық тізімі келтірілген.

### **3. Құдай сізбен сөйлескенде бірден Оған бағыныңыз**

Киелі Рух сіздің арыңыз арқылы немесе өзге жолдармен сөйлескенде, сіз Оған бірден бағынуыңыз қажет. Егер сіз оны кейінге қалдырсаңыз, сіз шайтанға өзіңізді азғыруға және сізге оқиғалардың өз нұсқасын баяндауына мүмкіндік бересіз. Егер сіз Құдайды бірден тыңдасаңыз, онда шайтанның сізді адастыруына мүмкіндігі болмайды. Киелі Рух сізге сөйлегенде сіздің әрекет еткеніңізді күтеді.

### **4. Мәсіхшілермен уақыт өткізіңіз**

Сізбен уақыт өткізетін адамдар – әдетте сізге ықпал ете алатын адамдар. Егер сіз өз уақытыңызды мәсіхшілермен өткізсеңіз, сіз мәсіхші емес адамдармен араласқаннан гөрі азғырылуларға көп түсе бермейсіз. Егер күнәкарлық істеріне қосылуға сізді мәжбүрлеуге тырысатын адамдармен достығыңызды үзсеңіз, онда сіз көптеген азғырылуларды болдырмайсыз.

Сізге жергілікті қауымның мүшесі болып, қауымның қызметтеріне жүйелі түрде қатысқан жөн. Мәсіхшілермен араласу – Құдайға жақын болудың ең жақсы әдісі. Алайда мәсіхшілермен араласудың өзі шайтанға сізді азғыруға кедергі болмайды. Тіпті сіз қауымда болғанда да ол сіздің ойыңызға азғырылуларды салып қояса, таңданбаңыз.

### **5. Азғырылуларға қарсы тұру әрекеттерінде тұрақтылық танытыңыз**

Шайтан көптеген адамдар туралы біледі, ол оларды бірінші немесе екінші рет азғыру арқылы табысқа жете алмайтынын біледі. Бірақ егер ол тырысуды жалғастыра берсе, ақырында олардың берілуіне тура келетінін де біледі. Азғырылуларға қарсы тұру әдістерінің бірі – оларға тұрақты түрде қарсы тұру. Егер сіз белгілі бір азғырылуға ұшыраған әр кезде қарсы тұра алатыныңызды өз өмір салтыңызбен дәлелдесеңіз, онда шайтан сізден осы салада біраз уақытқа шегінуі мүмкін.

## **6. Құдайдың сіздің өміріңіздегі шынайы көшбасшы екеніне көз жеткізіңіз**

Көп мәсіхшілерге қауымда мінажат ету және Құдайдың оның өмірін басқарғанын қалайтынын айтуға оңай. Бірақ басқа күндері бұл мінажаттар ұмытылып, барлығын қайта өз қолдарына алады. Ғалаттықтарға арналған хаттың 5:16 аятында кейбір азғырылуларды болдырмауға болатыны туралы кеңес беріледі.

### **Ғалаттықтарға арналған хат 5:16**

**Ал мен былай деймін: Киелі Рухтың күші мен жетегінде өмір сүріңдер, сонда ескі күнәкар болмыстарыңның қалауы іске аспайды.**

Күнә жасауға азғырылу әрбір мәсіхшінің өмірінде үнемі туындап отыратын болады. Бірақ біз оларды Құдайдың көмегімен табысты жеңіп отырамыз. Құдай бізге күш пен даналық беруге уәде берген. Біз Оның уәделеріне сай әрекет етіп, сондай-ақ Оған жақындай беруіміз керек.

## **Г. Шайтанның стратегиясынан сақ болыңыз!**

Иса Өзінің қоғамдағы қызметін жаңа бастаған сәтте Өз өмірінде өте күрделі азғырылуларға тап болды. Ол қырық күндік оразада жүрген кезде шайтан Оны бірнеше мәрте азғырды. Бұл жөнінде Лұқа жазған Ізгі хабардың 4:1-14 оқыңыз.

Шайтанның Мәсіхті қалай азғырғанына назар аударыңыз. Соған қарамастан Ол тіпті Киелі жазбадағы сөзбен бөлісті. Сіздің өміріңізде осы сынды азғырылулар туындайды, ол бір қарағанда тіпті Киелі кітаптық көзқарас болып көрінуі мүмкін.

### **Қорынттықтарға арналған 2-хат 11:14**

**Мұнда таңғалатын ештеңе жоқ: шайтанның өзі өңін айналдырып, нұрлы періште болып көрінеді.**

Біздің санамызға келетін ойларымызды бағалағанда өте мұқият болу керек. Санамызға келетін ойлар – олар Құдайдан келеті ақиқат болып табыла ма немесе бұл сыртқы түрі руханилық болып көрінетін, сыйлыққа арналған қорапқа салынған қарапайым күнәға азғыру болып табыла ма?

Шайтанның тағы бір стратегиясы оның Мәсіхті азғырғанынан көрініс тапты. Шайтан сізді өміріңіздегі белгілі бір салада азғыруды тоқтатады. Сізге бұл салаға қатысты уайымдауды тоқтату туралы әсер туындауы мүмкін.

### **Лұқа 4:13**

**Әзәзіл шайтан барлық сынақтарын бітірген соң уақытша Оның қасынан кетіп қалды.**

Сіз шайтанның тек «келесі мүмкіндікті күтіп отырғанын» түсінгеніңіз абзал. Сіз екі аптадан немесе екі айдан кейін дәл осы салада күрделі азғырылуларға ұшырайсыз. Сіз таңғаласыз: «Мен құлап бара жатырмын ба? Тағы да осы азғырулардың пайда болатынындай, мен нені дұрыс істемедім? Осы Иса Мәсіх туралы оқиғалар менің өміріме әсер етпейтін сияқты».

Мұның қалыпты жағдай екенін түсіну керек. Сіз азғырылуды тағы да сіздің өміріңізде мүлдем болмаған салада немесе ұзақ уақыт бойы болмаған азғырылуларды бастан кешесіз. Шайтан сіздің қорғанысты әлсіреткеніңізді немесе өміріңізде қиын жағдайдың болғанын күтіп отырады.

Азғырылулар қайтып оралады деген қорқынышта өмір сүрмеңіз, алайда, азғырылуларға тап болғанда таңқалмаңыз. Егер сізге азғырылулар ағыны төгілген жағдайда, азғырылулар тақырыбын зерттеу кезінде қол жеткізген барлық қаруларыңызды қолдануға уақыт келді деп есептеңіз.

Осы тақырыпқа байланысты Киелі Кітаптағы тағы бір аят – Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13 аят. Онда Құдай сізге ерекше күш иесі Оның көмегімен азғырылуға жол бермейтінін айтады. Сіздің өміріңізге жаңа және ескі азғырылулардың қайта оралуының тағы бір себебі – ол Құдайдың сізге айтқаны: Оның көмегімен осы азғырылуларды жеңуге дайынсыз ба?

## 4-тарау

# Сәтсіздіктер және оларды Құдайдың қалауымен қалай жеңуге болады

Сіздің күнә жасағаныңызды Құдай қаламайды. Ол сіз тап болатын барлық азғырылуларға қарсы тұруға және оларды жеңуге сізге күш береді. Соған қарамастан сіз азғырылулармен күресу үшін әрдайым Құдайдың жолдарын таңдай бермейсіз, әрі азғырылуларға беріліп қаласыз. Бұл өмірдің шындығы. Құдай мейірімді, егер өзіңіздің сәтсіздігіңізді мойындасаңыз, онда Ол сізді кешіреді.

Әлемдегі ұлы өтірікші – ол шайтан. Кейде ол азғырылудың түрін тартымды етіп қояды, тіпті одан бас тарту қиынға соғады. Алайда күнәнің салдарын түсіне отырып, сіз саналы оймен өзіңізге сенімді бола аласыз.

## А. Сіз азғырылуға түскенде не болады?

Шайтанның азғырылуларының біріне ұшырағандағы жағдайды еске түсіріңізші. Осыдан кейін не болды? Нәтижесі сіз күткендей болды ма? Ал қазір сіз азғырылуға түскенде не болатыны туралы әңгімелесетін боламыз. Осы салдарлардың кейбірі Құдайдың жолымен жүрмеген әрбір кезде орын алады. Бірақ күнә жасауға азғырылуға түскенде осы себептер туралы ойлау сіздің пайдаңызға жарайды. Сіздің қажеттіліктеріңіз бен қалауларыңызды қанағаттандырудың Құдайлық әдістерін қолдану сіз үшін әлдеқайда жақсы боларына көз жеткізу оңайырақ болады.

### 1. Сіз күнә жасағанда

Шайтанның азғыруларының біріне тап болғанда сіз Құдайдың заңын бұзасыз. Жақып күнә жасамастан бұрын келетін алғашқы ойлардың салдарын суреттейді.

**Жақып 1:14-16**

**Қайта, адамды өзінің құмарлықтары еліктіріп, ол солардың жетегінде кеткенде сынақтан өтеді. Сонда құмарлыққа берілсе, сол күнәні тудырады, ал күнә жасау рухани өлімге ұшыратады. Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар.**

Шайтан өзінің жолы күнәға әкеп соғатыны жөнінде сізді ұмыттыруға мәжбүрлеуге тырысады. 16-аятта айтылғандай, өзіңізді алдауға жол бермеңіз.

Егер сіз күнә жасасаңыз, онда Құдайдың алдында ол туралы мойындаңыз, Одан кешірім сұраңыз.

## **2. Сіз өзіңізге және айналаңыздағыларға зиян келтіресіз**

Егер сіз азғырылуларға түссеңіз, шайтан алда тек жақсы нәрселер ғана болатынына сізді сендіруге тырысады. Оған сенбеңіз. Күнәнің қашан да құны болады: «Күнәнің беретіні – (мәңгілік) өлім, ал Құдайдың беретін сыйы – Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір» (Римдіктерге арналған хат 6:23)

Сіз күнә жасағанда – ол сізге, басқа адамдарға әсер етеді, сондай-ақ кейбір жағдайда сіз ойлағаныңыздан да тым тереңге әсер етеді. Сіз оны бірден көре алмайсыз, бірақ уақыт өткен сайын келтірілген зиянның көрнісі айқындала түседі.

Көне Келісімнен Дәуіттің Барсабиямен күнә жасағаны әрі бұл күнәнің зиянды салдары болғаны туралы оқимыз. Алдымен ол зинақорлықпен айналысты, содан кейін өз күнәсін жасыру мақсатында Барсабияның күйеуін өлтірмек болды. Кейін оның күнәсі ашылғанда Құдай оның күнәсінің нәтижесінде дүниеге келген баласының өмірін қию арқылы оны жазалады. Сондай-ақ Құдайдың жазасы Дәуіттің ұрпақтарының болашағына да әсер етті (Патшалықтар туралы 2-жазбаның 12:10-12 аяттарын қараңыз). Әлбетте Дәуіт Барсабиямен күнә жасаған кезде оның нәтижелерінің ауыр болатыны туралы ойламады.

## **3. Сіз мұқтаждығыңызды мәңгілікке емес, уақытша қанағаттандырасыз**

Шайтан сізге ұсынатын шешім: сіздің өміріңіздегі мәселелеріңіздің тұрақты шешімі ешқашан болмайды. Шынайы қанағаттануға жетудің жалғыз әдісі – ол Құдайдың жолы. Шайтан әрқашан дереу қол жеткізілетін артықшылықтар туралы ойлауға сізді мәжбүрлеуге тырысатын болады. Ол бұл шешімнің қанша уақытқа жетуі туралы ойлағаныңызды қаламайды.

## **4. Шайтанның әдістері тек мұқтаждықтарды арттырады немесе қалауларды күшейтеді**

Тез арада қол жететін рақаттарды, өзімшілдіктен туатын ләззаттарды бастан кешіргеннен кейін бұл рақаттарға иеленуді жалғастыруды қалау сіз үшін күшейе түседі. Өзіңізді бақытты сезіну ұзаққа бармайды. Уақытша ләззаттану сезімі аяқталысымен-ақ мұқтаждықтар немесе қалаулар қалады, бірақ қалау әлдеқайда күшейе түседі.

## **5. Бір рет мойынсұнғаннан кейін сіз одан да көп түңілетін боласыз**

Сізде мұқтаждық бар. Сіз оны қанағаттандыруды қалайсыз. Құдайдың тарапынан ешқандай қозғалыс жоқ сияқты. Сіз түңіліп қалдыңыз. Сізді шайтан азғырады, түңілесіз және шайтанның әдісімен мұқатждықтарыңызды қанағаттандыруға тырысасыз. Бірақ көп ұзамай мұқтаждық тағы да пайда болады, онымен бірге түңілу келеді! Сонымен қатар сіздің мұқтаждықтарыңыз әлі де тиісінше қанағаттандырылмағандықтан түңілу сезімі күшейе береді.

## **6. Бір рет берілсеңіз, келесі рет одан да тез берілесіз**

«Бірінші рет қашан да қиын болады. Келесі жолы сізге бұдан да артық ұнайтын болады». Егер шайтан сізге осы аргументті қолданса, онда ол осы салада сізді тағы да азғырмақ ойы бар дегенді білдіреді.

Егер ол екінші және үшінші мәрте табысқа жетсе, ол сіздің мәсіхші екеніңізді ұмыттыруға сендіруге тырысатын болады. «Көрдің бе, саған мәсіхші болу қиын. Өзіңе қара, сен осы аптада осымен үшінші мәрте күнә жасадың». Ол сіздің үмітті жоғалтуыңыз үшін барлығын жасайды. Үміт болмағанда сіз азғырылуларға оңай берілесіз, тіпті азғырылуға ұшырағанда олармен күресуге тырыспаңыз.

## **7. Бір азғырылуға бой алдырып, сіз одан да күрделі азғырылуға тап боласыз**

Шайтан жиі мына аргументті қолданады: «Бұл түкке тұрмайтын нәрсе, істеп көр. Бұдан ешкімге жаман болмайды». Егер түкке тұрғысыз нәрсе өтіп кетсе, ол сізге күрделі азғырылулармен қайта оралады. Шайтанда сен жасаған күнәні жасырып қоюдың керемет жоспары бар. Алайда оның сіздің күнәңізді жабу жоспары, әдетте, одан да ауыр зардаптары болатын басқа күнә жасау болып табылады.

Дәуіт пен Барсабияның қайғылы күәкарлық тарихы осыған айқын мысал болады (Патшалықтар туралы 2-жазба 11-12). Дәуіттің алғашқы азғырылуы оның санасындағы нәпсіқұмарлығынан бастау алды. Содан кейін ол Барсабияны өзінің сарайына шақырды. Олар неке адалдығын бұзып, Барсабия жүкті болды. Дәуіт бұл жөнінде білгенде Барсабияның күйеуін соғыстан үйіне шақыртып, ол өзінің күнәсін жасыруға тырысты.

Күнәні жасыру жоспары іске аспағанда, ол Ұрияның өлімін ұйымдастырды. Натан пайғамбар келіп, күнәнің барлық тарихын ашпайынша жоспардың бұл бөлімі толығымен орындалған еді. Бір күнә басқа күнәға жетеледі, ол өз күнәсінде соншалықты шатасып, тіпті одан шығар жол болмады.

Осылайша сіз азғырылуға берілгенде күнә сіздің өміріңізді басқаратынын нақ дәлелдеп бересіз. Алайда күнә қате түсінікті әкеледі, күнәнің біздің өмірімізде күшке ие екенін жиі аңғара бермейміз.

Қате түсінік бізді азғырылуға бой алдырдық әрі одан ешқандай зиян келмейді деп есептеуге мәжбүрлейді. Қателесе отырып, бізге келесі азғырылуларға берілу оңай болады.

Егер біз өміріміздегі күнәнің билігін бұзуды қалайтын болсақ, онда Құдайдың ақиқатынан бастап, және де әрбір азғырылуды Құдайдың көзқарасымен қарастыруымыз керек. Құдай күнәні жек көреді, біз де солай істегеніміз дұрыс.

## **8. Сіздің сәтсіздіктеріңізге бола басқа адамдар да сол азғырылуларға беріледі**

Айбек үш апта бұрын мәсіхшілікті қабылдады. Ол темекіден бас тартуға көп еңбектеніп тырысуда. Бұл істе оған Тин Челлендж орталығының ережесі көмектесті, өйткені онда темекі тартуға тыйым салынған. Бірақ өткен кеште ол темекі тартуға азғырылуға ұшырады. Орталықта біреу темекіні алып келіп, жертөледе темекіні тартты. Айбекке таныс иіс шыққандықтан, оған шайтанның азғыруына қарсы тұру қиын болды.

Темекі тартқан басқа адам Айбекке зиян келтірмегені анық. Ол Айбекті өзімен бірге темекі тартуға шақырмады. Ол жертөледе ешкімге байқатпай темекі тартсам, бұл ешкімге зиянын келтіре қоймас деп ойлады.

Сіз азғырылуға берілгенде басқа адамдар сіздің күнәңіздің салдарынан қиналады. Тазалықта өмір сүру әрқайсымыздың жауапкершілігімізде екені анық. Иса басқаларды күнәға еліктіретін адамдардың әрекетін қатты сынға алады.

### **Лұқа жазған Ізгі хабар 17:1-3**

**Иса шәкірттеріне тағы былай деді: — Адамдарды теріс жолға азғыратын жағдайлардың болатыны сөзсіз. Алайда олар кімнің кесірінен пайда болса, сол қасіретке қалады! Оның мына жай кісілердің біреуін азғырып, теріс жолға түсіргенінше, мойнына дәу диірменнің тасы байланып, теңізге лақтырылғаны оған жақсырақ болар еді-ау! Сондықтан сақтаныңдар!**

Күнә жасауға азғырылуға тап болған бірінші адам – Хауа Едем бағында күнәнің қақпанына түсті. Ол күнә жасай салып-ақ Адамды да жемістің дәмін көруге және өзімен бірге күнә жасауға көндірді. Басқа адамдар сіздің күнә жасап жатқаныңызды көргенде олар сол күнәні жасап жатып, өздерін оңай ақтап алатын болады.



## 9. Азғырылуға түсу арқылы бізге ненің жақсы және ненің жаман екенін ақтау оңай болады

Сіз күнәға берілгенде шайтан сізге өзіңіздің әрекеттеріңізді ақтауға көмектесуге бірден келе қалады. Ол сіздің әрекеттеріңіздің қалыпты екеінін растайтын көптеген себептерді сізге айтады. Ол сіздің жағдайыңыздың Құдайдың ережісіне қатысы жоқ деп түсіндіреді. Шайтан ақиқатты бұрмалайды және сіздің істеген әрекетіңізді күнә емес деп қабылдауға мәжбүрлеуге тырысады. Ол сіздің күнәға тағы да тәуелді болуыңыз үшін барлығын жасайды.

Сіз күнә жасағанда Киелі Рух сізді әшкерелейді. Ол сізге жүрегіңіз және арыңыз арқылы сөйлейді. Бұл көп жағдайда кінәлау сезімімен байланысты болады. Алайда сіз Құдай сіздің жүрегіңізге не айтып жатқанын тыңдамасаңыз, онда сіз күрделі қиындықтарға тап боласыз. Сіз осы күнәкарлық істерге қатысуды қалыпты жағдайға балап, өзіңізді сендіріп, алданып қаласыз.

Егер Құдайдың айтқанына мән бермеуді жалғастырсаңыз, онда Ол сізге жүрегіңіз арқылы сөйлейді. Осылайша сіз «жүрегіңізге ауыртпалық түсіресіз». Күнәні ақтау сізді өз қателіктеріңізге сенуге мәжбүрлейді әрі енді Құдай сізге сөйлегенде Оны тыңдамайтын боласыз.

Дәуіт патша күнәкарлық тарихында осы жалған жолмен жүрді. Патшалықтар туралы 2-жазба 11-12 тарауларды қараңыз. Дәуіттің алғашқы күнәсі оны Барсабияның күйеуінің өлімін ұйымдастыруға алып келді. Тоғыз айдан кейін Натан пайғамбар Құдаймен сөйлесіп, Дәуіттің күнәсін әшкереледі. Ақыр соңында Дәуіт күнәсіне өкінді. Оның мінажаты 50-Забур жырында жазылған.

## 10. Сіз өзіңізді кінәлі сезінуіңіз мүмкін

Біз күнә жасағанда Құдай бізді әшкерелейді. Бірақ кейде біз Оның дауысын естімейміз, өйткені біз Оны естуден гөрі өз жолымызбен жүруді құп көреміз. Егер сіз азғырылуға берілсеңіз, онда Киелі Рух сіздің күнә жасап жатқаныңыз туралы ескертеді. Көп жағдайда сіз мұқтаждығыңызды шайтанның әдісімен қанағаттандырысымен өзіңізді кінәлі сезіну сезімі бірден келе қояды. Сіз мұқтаждықтан туындаған шиеленістен және көңіл қалудан жеңілденуді сезінесіз. Енді сіздің санаңыз тынық кезде сіз шын мәнінде не болғанын түсінесіз және жағдайды бағалай аласыз. Егер сіз сезімтал болсаңыз, Құдай сіздің қателескеніңізді өзіңізді кінәлау арқылы түсіндіреді.

Тек қақпанға түсіп қалмаңыз, өз сезіміңіздің көмегімен әрқашан ненің жақсы, ненің жаман екенін дәлелдеуге тырыспаңыз. Біреу айтар: «Мен өзімнің жасап жатқанымға өзімді кінәлі сезінбеймін, сондықтан бұл істі жалғастыра беремін». Мүмкін ол мұны өте жиі жасағанынан, енді оның ары үнсіз қалды. Алайда Киелі кітаптағы Құдайдың заңдары өте анық тұжырамдалып берілген. Сіздің бұл заңдар туралы бастан өткен жағдайларыңыз ешнәрсені өзгертпейді. Егер Құдай оны күнә деп

айтса, онда біздің оған қатысты ойларымыз мен сезімдерімізге қарамастан тек онымен келісуіміз қажет.

Егер сіз шайтанның азғыруларының біріне берілсеңіз, онда өзіңізді кінәлі немесе кінәсіз сезінгенге қарамастан, өз күнәңізді мойындау өте маңызды. Сіз Құдайдың дауысына мұқият назар аударуды үйренгеннен кейін сіз күнәға Құдайдың көзқарасымен қарайтын боласыз.

## 11. Құдай сізді іздейді

Сіз күнә жасасаңыз, Құдай сізден бас тартпайды. Ол сізді сүйеді және сздің өмірде шынайы рақатқа бөленуіңізге көмектескісі келеді. Ол сіздің шынайы жолға қайтып оралуыңызға көмектескісі келеді. Сондықтан Құдай сізді қатты сүйгендіктен, Ол қашанда сізді кешіреді.

Едем бағында Адам ата мен Хауа ана күнә жасағаннан кейін Құдай оларды іздей бастады. Адам мен Хауаның өздері Оны іздегенін Ол күтпеді. Ол біз үшін де дәл солай істейді. Құдайдың сүйіспеншілігін теріс пайдаланбау үшін өте абай болу керек. Егер біз Оны шынымен сүйетін болсақ, онда біз Оның тілін алатын боламыз. Күнә жасап, қақпанға түсіп қалмаңыз, кейін өзіңізге былай айтып жүрмеңіз: «Бәрі дұрыс; Мен мінажат еткен сайын Құдай мені кешіреді». Сіз күнә жасаған сайын сізді Құдай жолынан алыстатын жолмен жүресіз. Осындай ойлардың салдарынан бізді ескертетін Құдайдың дауысын тыңдау қиынға соға беретін болады. Осылайша біз шайтанның азғыруларына осалдық танытамыз.

## 12. Сіздің Құдай туралы ойыңыз өзгеруі мүмкін

Кейбір адамдар күнә жасағанда Құдайдан қорқа бастайды. Олардың ойынша, Ол ашуланып, оларды жазалайды. Одан жасырынуға тырыса бастайды. Егер сіз осылай істеген боласаңыз, онда сіз оның әурешілік екенін енді білетін боласыз. Біз Құдайдан жасырынып қала алмаймыз.

Егер сіз өз күнәңізге шын өкінсеңіз, сіз Құдайдан қорықпауыңыз қажет. Ол сізді жойып жіберу мүмкіндігін күтіп отырған зұлым Құдай емес. Ол сізді сүйеді және сіз күнә жасағанда сіз үшін жүрегі ауырады.

## Ә. Адамдар неліктен азғырылады?

Азғырылуға берілгенде сіз өзіңізден басқа ешкімді айыптай алмайсыз. Ол Құдайдың немесе шайтанның кінәсі емес. Әрқайсымыз қабылданған шешім үшін өзіміз жауап береміз. Алайда сіз неліктен азғырылуларға берілетінін түсінуге тырысып көрейік.

## 1. Сіз азғырылуға қарсы тұруға дайын болмадыңыз

Қорынттықтарға арналған 1-хат 10-тараудың 13-аятында Құдай азғырылуға ұшырағанда бізге әрдайым шығатын жолды беруге уәде бергені айтылады. Егер сіз жақсырақ дайындалсаңыз – мінажат етсеңіз, Киелі кітапты оқысаңыз және Құдайға жақын болуға тырыссаңыз, онда азғырылуға қарсы тұра аласыз.

Кейбір мәсіхшілер азғырылуларға қарсы тұру үшін тым әлсіз келеді. Оған Құдай кінәлі емес. Ол біздің азғырылуларға төтеп беруіміз үшін қажетті күшке ие болуымыз үшін жол ашып берді. Бірақ егер сіз өзіңіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыздан бас тартып, рухани әлсіз боласаңыз, онда сізге күнәға берілу әлдеқайда оңай болады.

Иса шайтанның Оған қарсы қолданған азғырылуларының барлығына қарсы тұруға әзір болды. Ол шайтанның Оны қанағаттандыруға тырысқан қандай да бір мұқтаждықтары мен қалауларын анықтауды және оларды бағалауды білді. Егер сіз азғырылуға қарсы тұру үшін дайындалуға уақыт бөлсеңіз, табысқа жете аласыз.

## 2. Сіз өз бетіңізше мәсіхшілік өмір сүруге тырысасыз

Егер сіз Құдайдың көмегінсіз мәсіхшілік өмір сүруге тырыссаңыз, онда сәтсіздіктердің ауылы алыс емес екеніне сенімді болыңыз. Шайтанның барлық азғыруларына өз күшімізбен қарсы тұру мүмкін емес.

Кейбір адамдар мәсіхші болғысы келетініне сенімді емес. Олар әлі қоршудың үстімен жүруге тырысып жүр, сондай-ақ олар екі жақтың да артықшылықтарын қолданғысы келеді. Мәселе келесіде екен: сіз қоршаудың үстімен жүріп, бір уақытта Құдайға жақындай алмайсыз. Егер сіз мәсіхшілік өмірге аса мән бермесеңіз, онда сіз шайтанның азғыруларына оңай құрбан боласыз.

Әр күні азғырылуларға қарсы тұруда табысқа жетудің жалғыз жолы – Мәсіхке толығымен арналу. Кез келген әлсіздік сізді кепілді түрде сәтсіздіктерге алып келеді.

## 3. Сіз беріліп қалдыңыз және Құдайдың жолдарымен жүруге тырыспайсыз

Құдай бізді мұқтаждықтар мен қалаулармен жаратты. Ол бізге барлық қажеттерімізді қанағаттандыруға уәде берген. Алайда біздің мұқтаждықтар мен қалауларды қанағаттандырудың Құдайлық әдістері неден тұратынын кейде түсіну қиын болады. Мұқтаждықтарыңызды Құдайлық әдістермен қанағаттандыруға тырысқан болсаңыз, онда сізде тәжірибе болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл сіздің қолыңыздан келмеген болар. Сіздің ішкі жан дүниеңізде түңілесіз, себебі мұқтаждық болды және бола береді. Шайтан келіп былай дейді: «Мынау сенің мұқтаждығыңды қанағаттандырудың ең қарапайым әдісі. Құдай айтқандай, мұны жасау ақымақтық болып табылады. Бұл сіз үшін сірә, бәрібір де іске аспайды».

Шайтан сізді өзімшіл болуға мәжбүрлеуге тырысады. «Сіз дәл қазір тыныштықта болуға және қанағаттануға лайықтысыз». Егер өзіңіздің мұқтаждығыңызды қанағаттандырудың Құдайлық әдістерінен бас тартсаңыз, онда сіз былай дейсіз: «Мен өзімді Құдайдан артық сүйемін». Құдай Жохан жазған Ізгі хабар 14:15 аятта былай дейді: «Егер мені сүйсеңдер, Менің өсиеттерімді орындайсыңдар». Егер сіз азғырылуларға берілсеңіз, сіз өз мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды Құдайдың заңдарынан артық көресіз.

#### **4. Сіз шайтанға алданып қалдыңыз**

Шайтан – шектен шыққан өтірікші. Оның азғырылуларының көпшілігі алдаудың кейбір түрлеріне жатады. Ол Хауаны тыйым салынған ағаштың жемісін жесе, онда ол өлмей, Құдайға ұқсап кететініне сендіруге мәжбүрлеп алдады. Шын мәнінде оның жемісті жегеннен кейін тәні өлмеді. Ол азғырылуға түскен сәтте Құдайды тыңдамау арқылы рухани өлімге душар болатынын түсінбеді.

Көптеген адамдар ұзақ уақыт бойы шайтанның өтірігінің тұзағында өмір сүреді. Кейде олардың маңайындағылар Киелі кітап өтірік дегеннің бәрін ақиқат деп есептейді. Жас сенушілер үшін Киелі кітап ақиқат деп танығанды ақиқат ретінде қабылдау қиынға соғады. Себебі бұл бұрын білген дүниелерінің барлығына қарама-қайшы келеді. Сенуші оқытушыларға шайтанның шырмауына түскен адамдарға қалай көмектесуге болатыны туралы нұсқаулық беріледі.

##### **Тімотеге арналған 2-хат 2:24-26**

**Жаратқан Иенің қызметшісінің жанжалдасуына болмайды.**

**Ол бәріне бірдей жылы жүзді, жақсылап тәлім беретін, сабырлы болып, <sup>25</sup> қарсыластарын ілтипаттылықпен түзету қажет.**

**Мүмкін болса, Құдай оларды өкіндіріп, шындықты мойындатар.**

**<sup>26</sup> Осылайша олар ақылға келіп, өзінің еркіне бағындыру үшін ұстап алған шайтанның тұзағынан босап, құтыла алмақ.**

Құдай сізге Киелі Рух өзіңізді шындыққа жетелейді деген уәдесін берді (Жохан 16:13). Шайтанға алданып қалудан аулақ болудың жалғыз әдісі – ақиқатты білу. Мұны істеудің ең жақсы екі жолы осы – Құдайдың Сөзін оқу және Құдайдың даусын тыңдау. Егер сіздің санаңызға бір ой келсе, сіз ол ойдың Құдайдан екеніне сенімсіз болсаңыз, онда Киелі кітаптан ол туралы не айтылғанын қараңыз, тексеріңіз. Егер барлығы Құдайдың Сөзімен келісілген жағдайда, сіз солай әрекет етуіңізге болатынына сенімді боласыз.

## **5. Сіз шайтанға және оның азғыруларына шындап мән бермейсіз**

Жақыптың хаты 4:7 аятында Құдай бізге шайтан азғырулармен жақындағанда, оған қарсы тұру керектігін айтады. Кейбір адамдар Құдаймен де, шайтанмен де тату өмір сүргісі келеді. Олар шайтанға да төзімділік танытқысы келеді. «Иә, кішкене ғана аяғымды шалыс бастым. Бірақ ол сондай жаман іс емес», – деп өзімізді жұбатамыз.

Біз сөзсіз Құдайдың жағында болуымыз қажет және шайтан жақындағанда оның дауысын тыңдаудан бас тартуымыз керек. Егер сіз шайттаның ұсыныстарынан бас тартпасаңыз, жуырда сіз оның қақпанына түсетінііз хақ.

## **6. Құдай әрқашан кешіретіндіктен, сізге күнә жасау қалыпты жағдай болып көрінеді**

«Бүгін күнә жасауыма болады, өйткені кез келген уақытта Құдайдың кешіріміне ие бола аламын» деп есептеген адам – үлкен сәтсіздіктердің тоғысында тұрғаны анық. Мұндай ойлар Киелі кітаптағы өмір сүру салты туралы сөздерге қайшы келеді (Нақыл сөз 1-тарау, әсіресе 20-33 аяттар). Біз Құдайдың рақымын теріс пайдалануға құқығымыз жоқ. Шын өкіну дегеніміз – күнәдан мүлдем бас тарту әрі белгілі бір мұқтаждықтар мен азғырылуларды жаңаша қабылдауды бастау.

## **7. Сіз өз қалауларыңызды бақылаудан шығарып алдыңыз**

Егер сіз қалауларыңыз бен құмарлықтарыңыздың іске асуына жол берсеңіз, онда олардың әсері өте күшті болуы мүмкін. Шын мәнінде, егер сіз оларды тоқтатпасаңыз, олар сіздің ойларыңыз бен әрекеттеріңізді бақылауды бастайды. Сіздің эмоцияларыңыз сіздің қалауларыңызбен тығыз байланысты. Сіз өзін бақылауда ұстай алмаған адамның қатты ашуға берілгенін көрген боларсыз. Мұндай жағдайда адам кейін өкінішке алып келетін әрекеттерді жасайды әрі артық сөздер айтады.

Егер сіз өте мұқият болмасаңыз, сіздің қалауларыңыздың айтарлықтай ықпалы күшті болып кетеді. Оған сіздің «Жоқ» деп айтуыңызға күшіңіз жетеді. Нақыл сөздер кітабында Құдай өз қалауларымызды бақылау керектігі туралы бізге ескертеді. Оны Жақыптың хатының 1:14-16 аяттарынан қараңыз.

### **Нақыл сөз 7:24-25**

**Сонымен, балалар, мені тыңдаңдар, Айтқан сөздеріме құлақ салыңдар Жүгенсіз әйелдің ізіне түспеңдер, Жолына еліктеп, адасып жүрмеңдер!**

Құдай Нақыл сөзде бізге жыныстық қатынастар туралы осы ескертулерді береді.

## 8. Сіз шыншылсыз, бірақ бәрібір азғырылуға берілесіз

Айталық, сіз бірнеше ай бұрын мәсіхші болдыңыз әрі шын мәнінде Құдайға қызмет етуді қалайсыз. Алайда бір азғырылу бар, ол жақындағанда сіз әрдайым азғырылуға берілесіз. Сіз оның күнә екенін білесіз. Сіз оны жек көресіз, күнә жасағанда әрбір кезде өзіңіздің сәтсіздігіңізге шын жүректен өкінуді сезінесіз. Бірақ сіз оны жеңе алмайтын сияқтысыз. Не істеуге болады?

Біріншіден, азғырылуға төтеп беру үшін сізге Құдайдан көмек керек. Егер сіз өз күшіңізбен мәсіхшілік өмірді сүруге талпынсаңыз, онда біріншіден, сізге Мәсіхтің шын мәнінде сіздің өміріңізде басты орында екеніне көз жеткізуіңіз қажет. Сізге кез келген жағдайда Құдайды саналы түрде бірінші орынға қою керек.

Құдаймен шынайы болыңыз. Азғырылуға түскен сәтте ішкі дүниеңізде не болып жатқанын Құдайға айтыңыз. Егер сіз расында азғырылуға түскіңіз келсе, ол жөнінде Құдайға мойындағаныңыз жөн. Азғырылу артта қалып, сіз одан бас тартқанда Құдайға мінажат ету оңай болады. Сіз азғырылуға түсіп тұрып, одан бас тарту және өз мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды қанағаттандырудың алдында Құдаймен сөйлесу бәрінен қиын іс екені белгілі. Дегенмен бұл – құлаудың алдын алудың жақсы мүмкіндігі.

Сіздің мәселелеріңіздің басқа бір бөлігі мұқтаждықтар мен қалауларды Құдайдың әдісімен қанағаттандыруға тырыспау болуы мүмкін. Сіз шайтанның азғыруларына берілу – ол күнә екенін білетін де шығарсыз, бірақ сонымен қатар, мәселелерді Құдайға ұнамды жолмен шешу үшін де ешнәрсе істемейсіз. Мүмкін сіз мұқтаждықтарды қанағаттандырудың Құдайлық жолын білесіз, десек те Құдайдың соңынан еруге міндеттемелерді өзіңізге алмадыңыз. Сізге Құдайдың соңынан еруге шешім қабылдап, содан кейін өзіңіздің пікіріңізге ешнәрсенің ықпал етуіне жол бермеу керек.

## Б. Азғырылуға түскеннен кейін не істеуге болады?

Егер сіз азғырылуға тап болып, күнә жасасаңыз, берілмеңіз. Құдай сізден бас тартпады. Күнәнің шырмауында қалып қалмаңыз. Сіздің жасаған күнәңіз үлкен бе, кіші ме, ол маңызды емес, сізге дереу әрекет етуді бастау керек.

### 1. Өзіңіздің сәтсіздігіңізді мойындаңыз

Өзіңіздің күнәңізді жасыруға немесе елемеге тырыспаңыз. Оны Құдайдың алдында және өзіңізге мойындаңыз. Күнәңізге өкініңіз, Құдай сізді кешіреді. Өз күнәңізді мойындау сізді сәтсіздіктерге душар еткен мәселелерді шешу жолындағы алғашқы қадам болуы мүмкін. Сонымен бірге басқа мәсіхшінің алдында күнәңізге

өкіну, егер де ол адам мәселені шешуде Құдайдың жолын табуға көмектеседі деп есептесеңіз, ол сізге пайдасын тигізеді.

Егер сіздің күнәңіз басқа адамдарға әсер етсе, онда сізге олардың алдында күнәні мойындап, кешірім сұрау керек.

## **2. Өзіңіздің мұқтаждықтарыңызды немесе қалауларыңызды анықтап алыңыз, оны Құдайдың әдістерімен қанағаттандыруды жоспарлаңыз**

Егер сіз күнә жасауға азғырылуларға табысты қарсы тұрғыңыз келсе, онда сіз өз мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды қанағаттандырудың Құдайлық әдістерімен анықтау керек болады. Егер сіз тіпті әлі де шайтанның әдістерімен мұқтаждықтарды қанағаттандырудан уақытша рақат сезімін сезінсеңіз, күмәніңіз болмасын – ол тек уақытша шешім. Мұқтаждық қайта оралады, сондықтан, келесі мәрте оны қалай қанағаттандырудың жолын бүгін жоспарлаңыз. Басқа мәсіхшіден көмектесуін немесе сізбен бірге мінажат етуін сұраңыз.

## **3. Өзіңіздің Мәсіхке арналғаныңызды бағалаңыз**

Сіз сәтсіздікке душар болғанда және шайтанның азғырылуына берілгенде, оны Құдайға жақындау мүмкіндігі ретінде пайдалана аласыз. Өзіңіздің не істей алатыныңызды Құдайға айтыңыз, содан кейін Мәсіх сіздің өміріңізде әрдайым бірінші орында болу үшін қажетті өзгерістерді жасаңыз.

## **4. Құдай уәдесінің күшін жариялаңыз**

Құдайдың уәдесі заманауи атақты мәсіхші көшбасшылардың өмірінде ғана орындалмайды. Олар сияқты сол уәделерге өз құқықыңызды білдіруге сіздің де таласыңыз бар. Філіппіктерге арналған хат 4:13 уәде сізге арналған: «Маған күш қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам бәріне де төзе аламын!».

Қорынттықтарға арналған хаттың 10:13 аятындағы Құдайдың уәдесін есте сақтау оңай, әсіресе Құдаймен жақындықты сезінбегенде өзіңізге қайталап айтыңыз.

Киелі кітаптан сіз үшін қарсы тұру қиынға соғатын белгілі бір азғырылуларға қатысты басқа яттарды тауып, күні бойы өзіңізге сол аятты дауыстап оқыңыз. Құдайдың уәделері туралы жазылған кітаптар бар, сіз ұшырасып жүрген азғырылулардың кейбірі туралы аяттарды Киелі жазбадан табу үшін сол кітаптарды пайдалануға болады. Өзіңіздің оқытушыңыздан осындай әдебиеттерді тауып беруін сұраңыз.

## 5. Өзіңізді кінәлі сезінбеңіз

Өзіңіздің сәтсіздіктеріңізге аса мән бермеңіз. Сіз сәтсіздіктерге душар болғаннан кейін шайтан сізді айыптауды ұнатады. Ол сізді жолы болмайтын адам екеніңізге сендіруге мәжбүрлейді және сізді жолдан тайдыру үшін барлығын жасайды. Оның дәлелдеріне алданып қалушы болмаңыз. Егер сіз Құдайдың алдында өз күнәңізге өкінсеңіз, онда өзіңізді жазалап, келесі үш күн бойы түңіліп жүрудің қажеті жоқ.

Шайтан сіздің сәтсіздіктердің салдарынан өзіңізді аяп, терең күйзеліске түсіп, енді тіпті мәсіхшілік өмір сүруді қаламайтыныңызды және тырыспағаныңызды қалайды. Ол бірнеше күннен, апта немесе жылдардан кейін сәтсіздіктер туралы сіздің есіңізге жиі салып тұрады. Ол сізді айыптайды: «Өзіңнің не істегеніңді қарашы? Сұмдық-ай! Сен күнә жасадың! Сен қандай мәсіхшінің үлгісі бола аласың? Өзіңнің істегеніңе ұялуың қажет!»

Шайтанның өтіріктеріне құлақ түрмеңіз. Егер Құдай сізді кешірсе, яғни өзіңіздің сәтсіздіктеріңізді қайта-қайта еске алудың қажеті жоқ.

## Қорытынды

Иә, уақыт өткен сайын сіз басқа да мәсіхшілер сияқты қателесетін боласыз. Осы сәтте кез келген шайтанның азғырылуларына Құдайдан күш және даналық сұрау керек екенін естен шығармаңыз.

Егер сіз Киелі кітапқа сәйкес жауап беруді үйренетін болсаңыз, жуырда сіз шайтанның сізден қашып кететінін байқайтын боласыз. Құдай осылай болатынын айтты.

### Жақып 4:7

**Сонымен Құдайға мойынсұныңдар! Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді.**

Азғырылуға дайын болыңыз және азғырылуға түскен сайын Құдайға жақын болудың үлгісін Мәсіхтен өнеге етіңіз. Мұқтаждықтар мен қалауларды қанағаттандырудың Құдайға ұнамды әдісі жер бетенідегі мүмкін болатын ең тамаша өмірді сүруге мүмкіндік береді; рақаттану ұзағынан болады және сіз тыныштықта өмір сүресіз.